



АЛАШ АМАНАТЫ –
МЫҚТЫ
ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ

3-бет



ШЫҒЫСТАНУДЫҢ
ШЫНАЙЫ
ҒҰЛАМАСЫ ЕДІ...

15-бет



АКАДЕМИК
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ
МУДДЕСІН ҚОРҒАҒАН
«ҚАЗАҚ ҮНІ»
ӨЗГЕЛЕРГЕ ҰЛҒИ ЕТТІ

3-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№20 (994) 23.05.2022 жыл




САФУАН ӘНГІМЕСİNДЕГІ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ

Жазушы Сафуан Шаймерденов өз кейіпкерлерінің ұлттық әлемін аша отырып, кейіпкерінің өсу, толысу жолын, оның іштей ширығып, шынығуын, қиындық, кедергілерді жеңу үстінде кейде тіпті сүрінсе де, өмірден түңілмей жүріп есейетін ұлттық мінезін ерекше ынтамен бейнелейді.

8-9
бет

«Ақ жол»:

ОНЛАЙН НЕСИЕЛЕУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНУЫ КЕРЕК



Жоғары пайыздар халықтың қарыз шұңқырына түсуінің негізгі себебі болып табылады, нәтижесінде олар өз мүлкінен, соның ішінде тұрып жатқан жалғыз үйінен айырылуы мүмкін. Микроқаржы ұйымдарындағы проблемалық қарыздардың үлесі жыл сайын өсіп келеді. Мәселен, 2022 жылғы наурыздағы жағдай бойынша 1 212 мың қарыз алушының 435 мыңы проблемалық болып табылады. Бұл тек МҚҰ балансында көрсетілгендер. Бұдан басқа, 479 мың қарыз алушының мерзімі өткен қарыздары немесе жартысынан астамы коллекторлық компанияларға сатылды. Осылайша, микроқаржы ұйымдарының портфеліндегі проблемалық қарыздардың жалпы саны 914 мың немесе жартысынан астамын құрайды.

4
бет

5 | МАУСЫМ
ИЮНЯ

2022

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ РЕФЕРЕНДУМ



Құрметті қазақстандықтар!

2022 жылғы 5 маусымда Президенттің Жарлығымен тағайындалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумға қатысу құқығына он сегіз жасқа толған Республика азаматтары ие.

Референдум азаматтардың өз иктиярымен қатысу, еркін ашық білдіру, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру принциптері бойынша өткізіледі.

Референдумға «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» деген тұжырымдағы сауал шығарылып отыр.

Сіздің таңдауыңыз маңызды!

Қазақстан Республикасының
Орталық референдум
комиссиясы

Уважаемые казахстанцы!

5 июня 2022 года состоится Республиканский референдум по вопросу внесения изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан, изложенные в проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», опубликованном в средствах массовой информации 6 мая 2022 года?».

На референдум вынесен вопрос: «Принимаете ли Вы изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан, изложенные в проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», опубликованном в средствах массовой информации 6 мая 2022 года?».

Ваш выбор важен!

На референдум вынесен вопрос: «Принимаете ли Вы изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан, изложенные в проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», опубликованном в средствах массовой информации 6 мая 2022 года?».

Центральная
комиссия референдума
Республики
Казахстан



ӘУЛИЕАТАНЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Ғалымның көзі тірісінде сұхбаттың бірінші бөлімі республикалық «Қазақ үні» газетінің №26(948)5.07.2021 жылғы санында жарияланған еді. Енді, міне, Талас ағамыз өмірден өткенімен, Әулиеата өңіріне қатысты тарихи әңгімесін жалғастырудың сәті түсіп отыр.

6-7
бет

АШЫҚ ЭКОНОМИКА САЯСАТЫ ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Ақордада Президенттің отандық бизнес өкілдерімен кезекті кездесуі өтті. Мемлекет басшысы бизнестің өзекті мәселелерін талқылау жақсы дәстүр екенін атады. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, еліміздің келешегі экономиканың мықты болуына байланысты және кәсіпкерлер мемлекет мүддесін жоғары қоя білуі керек.

— Мен, ең алдымен, бір мәселені нақты айтқым келеді. «Ойын ережесі» әділ әрі бәріне бірдей болатын ашық экономика саясаты жалғаса береді. Бұл — менің берік ұстанымым. «Майшеллпек орындар» мен жайлы қызметтерді үлестіруге жол берілмейді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы бизнеспен жұмыс істеу кезінде ескі тәсілдерге жол берілмеуі керек екенін атап өтіп, құқық қорғау органдары қызметіндегі кемшіліктерді сынға алды. Бизнеске заңсыз кедергі келтіру мемлекет мүддесіне қарсы бағытталған қылмыс ретінде қарастырылатынын ескертті.

Өңірлік билік пен аумақтық құқық қорғау бөлімшелерінің басшылары кәсіпкерлермен бірігіп, бизнесті қолдау деген сылтаумен заңсыз әрекеттерге баратынын, ол өз кезегінде сыбайлас жемқорлыққа жол ашатынын айтты. Тендерлер мен бюджет қаржысын оңды-солды шашуға мемлекет бағыл әрі міндетті түрде жүйелі тосқауыл қоюға тиісті.

Мемлекет басшысы осы мәселе-



лерді шешу үшін бірқатар нақты шараны белгілеп берді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, ең алдымен, құқық қорғау органдары тарапынан негізсіз қудалауды азайту жөнінде жүйелі шаралар қабылдау қажет.

— Әрине, Бас прокуратура құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қиялынан туған қылмыстық істерді тоқтатуға тиіс. Мұндай күмәнді істерге бастамашы болғандарды жауапқа тарту керек. Мемлекеттің бизнеске қолайлы жағдай жасау саясатына нұқсан келтіретін күшті құрылымдар қызметкерлері басшыларының жауапкершілігін арттыру шараларын айқындау маңызды. Бас прокуратураға Жоғарғы Сотпен және Үкіметпен бірлесе отырып, заңнамаға нақты түзетулер топтамасын әзірлеуді тапсырамын. Әкімшілік бұл мәселені бақылауға алсын, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік аудит нәтижесіне шағым түсірудің барлық мүмкіндігі қарастырылмайынша, қылмыстық іс қозғауға жол бермейтін механизмді енгізу, ашық әрі әділ сот төрелігін қамтамасыз ету қажет екенін айтты. Сондай-ақ Бас прокуратураға Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен және бизнес-омбудсменмен бірлесе отырып, қылмыстық және азаматтық-құқықтық жауапкершілік салаларының ара-жігін ажыратуға бағытталған механизмдерді тез арада әзірлеу жүктелді. Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік саясаттың үнемі өзгеруіне және құбылмалылығына қатысты кәсіпкерлердің шағымдануы орынды екенін айтты. Осыған байланысты Президент Жаңа экономикалық саясат жобасын әзірлеуге бизнес-қоғамдастықты тартуды тапсырды.

КОНСТИТУЦИЯҒА ЖЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ЖАҢА ТҰЖЫРЫМ ЕНЕДІ

Конституцияның республикалық референдумға шығарылатын жерге қатысты жаңа тұжырымы кейін заңды әркімді тәпсірлеуге жол бермейді. ҚР Мәжіліс депутаты Ғалымжан Елеуов осындай пікір білдірді.

«Конституциядағы жерге және жер қойнауына қатысты меншік мәселесі туралы баптың тұжырымы келешекте әркімді тәпсірлеу ықтималдығын жояды.

Жер - біздің ұлттық бірегейлігіміздің негізі болуға тиіс. Сондықтан Президент бұл мәселеге нүкте қоюды жөн көріп отыр. Бұл - қалыпты процесс. Мемлекет жер қойнауының тиімді бөлініп, тиімді игерілуін бақылайды. Жер мен жер қойнауын мемлекеттің басқаруы Қазақстан халқына әлеуметтік жағдай, тұрғын үй бағдарламасы, инфрақұрылымды дамыту, жұмыспен қамту бағдарламалары сияқты игіліктер әкеледі», — дейді депутат. Оның

айтуынша, конституциялық реформа аясында ұсынылып отырған тежемелік әрі тепе-теңдік жүйе Президенттің өкілеттігін әлсірету арқылы Парламенттің құзыретін күшейтеді.

Жер дауына қатысты жарияланған мароторий атаулыдан алаңдататын түсінік. Олардың ойынша жерге жекеменшік жойылмай бұл проблема толықтай ешқашан шешілмейді.

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН АВТОНЕСИЕ АУЫРЛАП БАРАДЫ

Автонесие аламын деушілердің алдынан тағы бір «тосын сый» шыға келді. Жылдық 4 пайыз үстемемен көлік мінуге бақыты енді екінші біріне бұйырмауы мүмкін. Алғашқы жарна жоқ делінгенімен, бағдарламаға ілігу үшін қалтаңызда қомақты қаражат болуға тиіс екен.

Өйткені автонесиені рәсімдейтін екінші деңгейлі банктер көлікті бірден 7 жылға сақтандыру керексіз деп клиенттерден ақша талап етуде. Оның құны жарты миллион теңгеге жетеабыл. Автосалондарға ағылып кезекке тұрып жатқан адамдардың қарасы көп. Барлығы жеңілдетілген бағдарлама арқылы темір тұлпар тізгіндеуге дәмелі. Менеджерлер клиенттерге

көліктің қосымша жабдығын екі есе қымбат бағаға сатып алуға міндеттеп жатыр деген шағымдар да жиілеген. Зангер Ғабит Өмірбек автосалондар мен екінші деңгейлі банктердің шарт қоюы жеңілдетілген автонесиеге деген сенімді азайтып, көпшіліктің көңілін күпті қылды деген пікірде. Мәселен, банктер міндеттеп жатқан автосақтандыруда әр адам өз еркімен таңдауға тиымдарының бұл әрекеті заңға қайшы дейді маман.

Біз осы халықтың тұрмысын ауырлатуға неге құштармыз? Су жаңа көліктерге деген утильалымның у-шуы бітпей жатып енді міне жылға сақтандыруды ойлап тапты. Турасын айтқанда бұл тойымсыздық қой. Осылардың тамағына тас тығындайтын заңды неге қабылдамасқа?..

ТАНКІДЕН ТЕҢГЕ ЖАСАП ТҮРМЕГЕ ОТЫРДЫ

Жемқорлықта шек жоқ екеніне көзіміз әбден жетіп болды. Семейде әскери техниканы ескі бөлшектермен жабдықтаған машина жасау зауыты бас директорының орынбасары бір миллиард теңге жымқырғаны үшін 7 жылға сотталды.

Қасымхан Сүлейменов жаңасының орнына әскери бөлімшелерге танкінің ескі қозғалтқыштарын жеткізіп беріпті. Тіпті бағасына әдеттегіден екі-үш есе қымбат құжат толтырған. Сондай-ақ қымбат табанды техника жүргізушілері арналған бас киімге деп бөлгіну ақшаны да жымқырған. Орнына ескі шлемфондар берген көрінеді. Ал олар талапқа мүлде сай келмейді екен. Осылайша бас директорының орынбасары бюджетке 1 миллиард теңгеден астам шығын келтірген. Енді осы әрекеті үшін ол 7 жылын темір торда өткізеді. Жоқ жерден ақша жасау әдісін шебер менгергендер біздің елімізде жетіп артылады. Басқасын айтпағанда темірдей тәртібі бар деп есептелетін қарулы күштер саласына да еркін еніп кеткен.

ЖАҢАРУДЫҢ НЕГІЗГІ КҮШІ – ЖАСТАР

Жастар саясаты еліміз үшін басым бағыттардың бірі. Конституцияға енгізілетін өзгерістер әр азаматқа өз әлеуетін іске асыру үшін мүмкіндік беруді көздейді. Бұл туралы Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев мәлім етті.

«Бүгін жастар саясатына қатысты мәселені талқылау үшін жиналып отырмыз. Бұл қазіргі таңда еліміз үшін басым бағыттардың бірі екенін сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен кешенді саяси өзгерістер мен конституциялық реформа қолға алынды. Оның бәрі демократиялық-әлеуметтік және әділетті мемлекет құру үшін қабылданып жатқан шаралар. Конституциямызға енгізілетін маңызды өзгерістер халықтың таңдауына беріліп, референдумға шығарылып отыр. Бұл өзгерістер қазақстандықтардың өмірін жақсартуды, бәсекелестікке

қажетті жағдай жасауды және әр азаматқа өз әлеуетін іске асыру үшін мүмкіндік беруді көздейді», — деді М. Әшімбаев Сенаттағы «Жаңа Қазақстан: жастар және жаңғыру» тақырыбындағы парламенттік тыңдау кезінде. Осы ретте ол жаңғырудың негізгі күші және Жаңа Қазақстанның жанару көзі жастар екенін атап өтті. «Сондықтан реформаның түпкі мақсаты да жастардың әлауатына арттыруға әрі олардың дамуына жағдай жасауға арналған. Бүгінде Қазақстанда 4 млн-ға жуық жас бар. Яғни бұл еліміздің әрбір бесінші тұрғыны жас азамат деген сөз. 2000-шы жылдардың ортасында және екінші жартысында елімізде бала туу көрсеткіші күрт өсті. Сондықтан қазір жастардың саны үнемі өсіп отыратынын түсінікті. Бұл үрдіс 2030 жылға қарай өз шыңына жетеді деп болжанып отыр. Әрине, мұның артықшылықтары өте көп», — деді Сенат төрағасы.

ШЫҰ: ІШКІ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА КҮШ БІРІКТІРЕЙІК

Ташкентте өткен «ШЫҰ мүшелері-мемлекеттер ынтымақтастығының жаңа кезеңі: туризм және мәдени мұра» халықаралық форумында туризм саласының мүмкіндігін ортаға салып, алдағы уақыттағы біріккен жоспарларын талқылады.

Өзбекстанның Премьер-министрінің орынбасары, Туризм және мәдени мұра министрі Азиз Абдухакимов Туристік саланы ұлттық экономиканың маңызды сегменті және мемлекеттің бәсекелестік қабілетін арттырудың стратегиялық ынталандыру ретінде қарастыратын мемлекеттер саны жыл өткен сайын артып келе жатқанын жеткізді. Өзбекстанның

туристік нарығы дамып, қысқа мерзімнің ішінде визасыз елдердің саны 9-дан 92-ге дейін өсіп, ал шетелдік туристердің саны 2019 жылдың өзінде 1,9 млн-нан 6,7 млн-ға дейін артқанын айтты «Мысалы, «Gallor» Өзбекстанның қауіпсіз туризм бойынша үздік тоғыз (ТОП-9) елдің қатарына еруге мүмкіндік берді. «New York Times», «Guardian», «Independent», т.с.с. әлемнің жетекші басылымдары біздің туристік дестинацияларымызды тартымды да қызықты бағыттар ретінде мойындады. ШЫҰ кеңістігі — әлеуеті әлі толық пайдаланылмаған орасан зор туристік нарық. Біз бар күшімізді біріктіріп, ең алдымен «ШЫҰ-ның ішкі туризмін» дамытуға бағыттауымыз қажет» — деді өзбек министрі.

ҚОСЖАН МҮСІРЕПОВТІҢ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ

Мақтаарал ауданының орталығы Мырзакент кентіндегі Қосжан Мүсірепов атындағы жалпы орта мектепте бар-жоғы 35 жыл ғана ғұмыр кешіп, қазақ әдебиеті көгінен жұлдыздай ағып өткен қарымды қаламгер, сыршыл акынның ескерткіш-бюсті ашылды.



«Бүгін 90 жылдығы аталып өтіп жатқан акын арамызда болмаса да оның ғұмырын өзінің шығармалары, лирикалық жырлары жалғастыруда. Сондай-ақ, жаңадан пайдалануға берілген 1200 орындық Қосжан Мүсірепов атындағы мектептің жаңа ғимараты алдына акынның асқақ ескерткішінің бой көтеруі - оған деген халық құрметінің асқақтай түскенін көрсетеді. Жаңа ескерткіштің ашылуымен Сіздерді құттықтай отырып, акынның аты және жазған хаты ешқашан өшпес деп тілеймін!» - деді салтанатты іс-шараға қатысқан аудан әкімі Бақыт Асанов. Мұнан соң мектептің мәжіліс залында қоғам қайраткері, белгілі публицист-қаламгер Әкім Бісқақтың «Менің

Қосжаным» атты кітабының тұсаукесері өтті. Мұнда ақын туралы толғаныстар, естеліктер, зерделі зерттеулер, арнаулар топтастырылған. Сонымен қатар, жинаққа қаламгердің әр жылдағы жазған әңгіме-новеллалары, өлеңдері енген.

Іс-шара барысында акынның көзін көрген азаматтар, жазушылар, журналистер, ардагерлер Қосжан Мүсірепов туралы естеліктерімен бөлісіп, ескерткішінің ашылуымен және жаңа кітаптың тұсауының кесілуімен қалың көпшілікті, оның ішінде мектеп ұжымын құттықтады. Сондай-ақ, жиынның соңында акынның туған інісі, Мырзакент кентінің тұрғыны Сырым Мүсіреповтың Қосжан Мүсіреповтың әруағына арнап ас берді.

Әйгілі Жоңғар Алатауының баурайында шалғайда орналасқан Қапал-Арасан ауылындағы Барлыбек Сырттанұлы атындағы мектепте «Ақ жол» партиясының демеушілігімен көрнекті саяси қайраткер, қазақтың алғашқы конституция жобасының авторы, заңгер, публицист, шығыстанушы Барлыбек Сырттанұлының мүсіні ашылды. Салтанатты шараға Ақсу ауданының белгілі қоғам қайраткерлері, ардагерлері мен ауыл азаматтары қатысты. Алқалы жиында мектеп оқушылары Алаш арысы Барлыбек Сырттанұлының өмірі мен еңбек жолынан сыр шертетін арнайы ашық сабақ ұйымдастырды.



көше аттарымен ғана өлшенбеуі керек. Олардың басты арманы тәуелсіз, демократиялы Қазақстан құру еді. Біз осыған талпынуымыз керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Конституциялық реформа жариялап, халықпен бірге Жаңа Қазақстан құруды қолға алды. Біз мықты демократиялық мемлекетке айналсақ – бұл бабалар аманатының орындалғаны. Сондықтан, баршаныңды 5-маусым күні жалпыхалықтық референдумда сайлау уақыттарына барып дауыс беруге шақырамын, – деді Азат Тұрлыбекұлы.

«Ақ жол» басшысы өзгерістерді парламент арқылы жүзеге асыруға да болатын, бірақ Президент арнайы оны халық шешсін деп халықтың таңдауына ұсынып отырғанын жеткізді. Біріншіден Конституцияның 3-бабы құқықтық негіз бола алады, онда Республикадағы биліктің жалғыз көзі халық деп жазылған. Яғни, халықтың сенімі батыл өзгерістерді толық ақтайды. Екіншіден бұл реформа демократияландыруға да арналғанын тілге тиек етіп, саяси партияға мүше болуға және туыстарына мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларда жетекші лауазымдарға ие болуға тыйым салу секілді Президент өкілетімін шектеулерге қатысты да өз ойын білдірді.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы өзін ұсынған партияның немесе пікірлес топтың мүддесі үшін ғана емес, бүкіл Қазақстан халқына, соның ішінде, өзіне қарсы дауыс бергендерге де қызмет ететіндігін және непотизм саясатымен жемқорлықтың ұғымына жол бермейтін бастама екенін түсіндірді. Сонымен бірге парламент және оның палаталарының, жоғарғы аудиторлық палатасының және Конституциялық соттың статусындағы өзгерістерге, партиялық және сайлау жүйесін дамытуға қатысты көзқарасын білдірді. Жиын барысында сөз алған ауыл ақсақалдары және өзге тұрғындар осы өзгерістердің бәрін де және конституциялық реформаны толық қолдау керек деген пікірлерін жеткізді.

qazaquni.kz

АЛАШ АМАНАТЫ – МЫҚТЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ

Уставы ретінде бекітті. Яғни, Барлыбек Сырттанұлы қазақтың тұңғыш Конституция жобасының авторы деп нық сеніммен айта аламыз.

– Біз үшін Алаштан асқан идея жоқ. Біз Алаш арыстарының аманатын ары қарай жалғастыру үшін бар күш-жігерімізді саламыз. Бүгінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық реформа жасауды қолға алып, Жаңа Қазақстанға батыл қадам жасауда. Конституцияның жаңа моделіне көшу қарсаңында бүгінгі шараның тарихи және саяси маңызы зор. Қазіргі конституциялық реформадағы өзгерістерге келсек, онда Барлыбек Сырттанұлының жобасымен ұқсас ұстанымдар бар. Мысалы, Барлыбек Сырттанұлы дайындаған конституция жобасында «биліктің басында ел мәжілісі болу керек» деп жазылған. Ал, Президент Қ. Тоқаев жариялаған конституциялық өзгерістердің де басты ерекшелігі Парламент құзыретін кеңейту. Сондай-ақ, Барлыбек Сырттанұлы конституциясы жобасында жер, қан орындары, қазба байлықтары халыққа

тиесілі болу керектігі көрсетілген. Бүгінде халық талқылауына шығарылған Конституциялық өзгерістерде де «жер және жер қойнауы халықтың меншігі» деп жарияланған. Сондықтан, бүгінгі Конституциялық өзгерістерді Барлыбек Сырттанұлы дайындаған алғашқы құқықтық құжаттың жалғасы деп айтуға болады, – деді Азат Перуашев іс-шара аясында.

Жиынға қатысқан белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдар, ауыл тұрғындары Барлыбек Сырттанұлының есімін ел жайында мәңгі сақтау үшін оған көше атауларын беріп, ескерткіш орнату мәселесін көтерді. Осыған орай, «Ақ жол» төрағасы ұлыларды ұлықтау кейінгі ұрпақтың борышы екенін тілге тиек етті.

– Барлыбек Сырттанұлы атындағы мектептің жетекшісі партиямызға Алаш арысының ескерткішін орнату үшін көмек сұрап жүгінгенде біз бірден қаржылай қолдау жасадық. Меніңше, Барлыбек Сырттанұлы, Әлихан Бөкейхан, Сұлтанбек Қожанұлы сияқты Алаш арыстарын ұлықтау ескерткіш не



Осы ауылдың тумасы Барлыбек Сырттанұлы 1886 жылы Санкт-Петербург университетінің Шығыстану факультетіне оқуға түскен. Кейін елге келіп, Жетісу әскери губернаторының бұйрығымен облыстық басқарманың іс жүргізу бөлімін басқарды. «Айқап» журналында қазақ халқының әлеуметтік-саяси мәселелеріне қатысты мақалалар жариялады. Сол тұстағы жергілікті халықтың мұн-мұқтажын айқындау әрі оны шешу жолдарын қарастыру

мақсатында жалпықазақ съезін шақыру мәселесін көтерді.

«Алашинский» лақап атын иемденген Барлыбек Сырттанұлы Алашорда көсемі Әлихан Бөкейханның тапсырмасымен АҚШ және Батыс елдерінің құқықтық тәжірибесін зерттеп, батыстың демократиялық тәжірибесіне сүйенген қазақтың тұңғыш Конституциясының жобасын жасады. Өзі 1914 жылы қайтыс болса да, Алашорда жетекшілері оның дайындаған конституциялық құжатын Алашорда үкіметінің

АКАДЕМИК МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МҮДДЕСІН ҚОРҒАҒАН «ҚАЗАҚ ҮНІ» ӨЗГЕЛЕРГЕ ҮЛГІ ЕТТІ

Ғылым ордасында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ұйымдастыруымен көрнекті лингвист-ғалым, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының және қазақ журналистикасының негізін салушы, ұлттық әліпби мен емле реформаторы, алғашқы ұлттық әліппенің авторы, қазақ ғылымын ұйымдастырушы, қазақтың алғашқы білім министрі, ақын, философ, мәдениеттанушы, саясаткер, идеолог, педагог, ХХ ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясын тәрбиелеген ағартушы ғалым, қазақ руханияты тарихындағы аса ірі тұлға, қоғам және мемлекет қайраткері, Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ тіл танымының болашақ бағдары» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Аукымды отырысты Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжанова жүргізіп, Ұлттық ғылым академиясының мүшелері – З. Базарбаева, К. Құрманәлиев, Е. Қажыбек, тілші-профессорлар – М.Джусупов, Б.Момынова, Е.Тілешовтар баяндама жасап, қатысушылар пікір-алмасып, ұлт ұстазының сан қырлы еңбектеріне тоқталды.



Алқалы жиында сөз алған академик Кәрімбек Құрманәлиев бірнеше ұсынғыстар енгізді. Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының жоғарыда санамалап көрсетілген 10-15 танымдық-тағлымдық келбетінің ішінен орыстілді қандастарымыз арасында жүргізген сауалнама нәтижесінде ғұламаның тек лингвист-ғалым, педагогтік қырын ғана білетіндігін (әрине, бәрі емес) аңғарғанын айтты. Осыған байланысты ол Ұлт ұстазы туралы, ол негізін қалаған қазақ тілі ту-



ралы орыс тілінде де, шет тілдерінде (әсіресе, ағылшын тілінде) ақпараттық-танымдық жұмыстарды жүйеге түсіру керектігіне екпін түсіре сөйледі.

Мемлекеттік тапсырыспен қаржыландырылатын орыстілді БАҚ-тарға мемлекеттік тіл туралы елдің толғаныстарын толыққанды мақалалар ретінде жариялап, Президенттің «халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясын жүзеге асыру мақсатында, үзбей жұмыс жүргізуді жүктеу керектігіне ерекше

назар аударуды ұсынды. «Мемлекеттен қаржы алып отырып, мемлекеттік тілдің проблемасын жазайық десең, мақала ақысын төленіз дейтіндеріне не дерсіз?!» – деген тілші-ғалым сонымен бірге, Ахмет Байтұрсынұлы тұңғыш білім министрі болғаны да біреу болса, біреу білмейтіндігін алға тартты. Конференция қатысушыларына арнап, Ұлт ұстазының 150 жылдығына арналған іс-шараларды өткізуде орыстілді контенттерді де қаперде ұстағанымыз жөн болар деген пікірді ортаға салды.

Сондай-ақ, академик қазақтілді ақпарат құралдарының ішінде «ҚАЗАҚ ҮНІ» газеті ғана орыстілді қазақтарға мемлекеттік тіл туралы өзекті мақалаларды орыс тілінде де қатар жариялайтынын өзге бұқаралық ақпарат өкілдеріне үлгі етіп ұсынды. «Қазақ тілінің «жілігін шағып, майын ішкен» қандастардың жөні бір бөлек. Ал, ана тілін ардақтауға ниеттеніп, туған тілде тілдесуді тілек еткен туғандарға да осылай жағдай жасауды жолға қойсақ, бұдан ұтпасақ, ұтымсыздымыз анық» – деп сөзін түйіндеді ҚР Ұлттық академиясының академигі Кәрімбек Құрманәлиев.

qazaquni.kz

«Ақ жол»:

ОНЛАЙН НЕСИЕЛЕУГЕ ТҮЙІМ САЛЫНУЫ КЕРЕК

«Ақ жол» фракциясының депутаттары онлайн несиелеуге тыйым салуды ұсынды, бұл туралы Дания Еспаева бүгін Мәжілістің жалпы отырысында айтылған депутаттық сауалда мәлімдеді.

ҚР ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕГІ АГЕНТТІГІНІҢ ТӨРАҒАСЫНА

Бүгін Мәжіліс «төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» заң жобасын жұмысқа қабылдады. Айта кетейін, «Ақ жол» партиясы 10 жыл бойы осындай заңды әзірлеуді талап етіп келеді. Біз заң жобасының нұсқаларын үкіметке үш рет жібердік.

Жұмысқа қабылданған заң жобасын Үкімет біздің қаңтар айындағы жобамызды ескере отыра отырып әзірледі. Оны қабылдау мыңдаған қазақстандықтардың тағдырын жеңілдетеді деп үміттенеміз.

Сонымен қатар, банкроттық – мәселенің нәтижесі екенін есте ұстаған жөн, ал оның себептері басқа жақта жатыр.

Сондықтан, оның салдарын шеше отырып, біз олардың себептерін азайтуды қажет деп санаймыз. Кешенді тәсіл болуы керек. Халықтың табысы төмен, пайыздық мөлшерлемелердің барабар көтерілмеуі, сондай-ақ жеке тұлғалар үшін кредиттерге қолжетімділіктің байқалып отырғаны банкроттыққа дейін жеткізіледі. Халықтың негізгі

бөлігінің табыс деңгейінің төмендігі оларды тұрғын үйді жалға алу, балаларды оқыту, басқа банкте ай сайынғы несиені төлеу, азық-түлік және т.б. сияқты ағымдағы қажеттіліктерге онлайн қарыз алуға мәжбүр етеді. Ақша тез және қарыз алушының кіріс деңгейін ескерусіз берілетін, алайда тәуекелдер жоғары пайыздық мөлшерлемеге салынатын кепілсіз қарыздар алудың барынша жеңіл тәсілдері халықтың жаппай кредиттелуіне ықпал етеді.

Бұған дейін 2021 жылғы 25 қарашадағы депутаттық сауалда «Ақ жол» фракциясының депутаттары микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін жылдық 56%-дан аспайтын мөлшерде шектеусіз белгілеуді талап еткен болатын. Қаржы бақылау агенттігі бұл бастаманы қолдады.

Біздің фракция «микроқаржы қызметі туралы» Заңға микрокредит бойынша артық төлемнің шекті мөлшерін 2 есеге 50 АЕК-ке дейін, микрокредит сомасының 100%-ынан 50%-ына дейін төмендету,

сондай-ақ мерзімі өткен берешегі болған кезде, ағымдағы немесе жақсарту шарттарында міндетті түрде кейінге қалдыруды ұсыну бойынша түзетулер қабылдауға қол жеткізді.

Дегенмен, бұл тәсіл азаматтардың онлайн қарыздар алу жеңілдігіне келіп тірелетін проблеманы шешпейтіні анық, бұл үшінші тұлғаларға қарыздарды рәсімдеу бойынша алаяқтық әрекеттердің жоғары тәуекелдеріне байланысты.

Мысалы, 6 мамырда БАҚ-та алаяқ туралы пайда болған ақпаратқа сүйенсек, ол ашық қолжетімділікте болған бөтен ЖСН бойынша кредиттер рәсімдеген. Оның құрбандары – әртүрлі аймақтарда тұратын 100-ге жуық азамат. Қылмыскер онлайн банкинг арқылы несиені рәсімдеген. Осы сияқты қарыздарды рәсімдеудің онлайн рәсімдеген жағдайлар өте көп. Бас прокуратураның мәліметінше, соңғы 5 жылда кибер-қылмыстар саны 10 есеге өскен. Қазірдің өзінде 20 мыңнан астам эпизод тіркелген.

Жоғары пайыздар халықтың қарыз шұңқырына түсуінің негізгі себебі болып табылады, нәтижесінде олар өз мүлкінен, соның ішінде тұрып жатқан жалғыз үйінен айырылуы мүмкін. Микроқаржы ұйымдарындағы



проблемалық қарыздардың үлесі жыл сайын өсіп келеді. Мәселен, 2022 жылғы наурыздағы жағдай бойынша 1 212 мың қарыз алушының 435 мыңы проблемалық болып табылады. Бұл тек МҚҰ балансында көрсетілгендер. Бұдан басқа, 479 мың қарыз алушының мерзімі өткен қарыздары немесе жартысынан астамы коллекторлық компанияларға сатылды. Осылайша, микроқаржы ұйымдарының портфеліндегі проблемалық қарыздардың жалпы саны 914 мың немесе жартысынан астамын құрайды. Сатылған қарыздарды есепке алмағанда, МҚҰ-ның проблемалық қарыз алушыларының баланстағы үлесі өте жоғары – баланстың қарыздары портфелінің 36%-ы, ал егер коллекторларға сатылған қарыздарды қоссақ, берілген микрокредиттердің жартысынан астамы проблемалы болып шығады.

Сондай-ақ, микрокредиттер тұтынушылық мақсаттарға

берілетінін ескеру қажет. Яғни, осы бағытта дамыта отырып, біз экономикамызды импортқа тәуелділікке саналы түрде енгіземіз және девальвациялық және инфляциялық процестерді жеделдетеміз. Ұлттық экономиканы несиелеуді қысқарту, жұмыс орындары мен халық табысының өсуін тежеу жүріп жатыр. Интернеттегі несиені берудің айла-амалдары оның айқын жеңілдігі болып табылады, бұл адамдарды үмітсіз құлдыққа алып келеді және жеке тұлғалардың банкроттық туралы Заңын қажет етті.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты «Ақ жол» фракциясының депутаттары халықтың жеткіліксіз кредиттелуінің және осы саладағы алаяқтықтың маңызды факторы ретінде онлайн несиені беруге тыйым салуды ұсынады.

Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары

«АҚ ЖОЛДЫҢ» ҚОЛДАУЫМЕН ҮШ КҮНДІК ДҮБІРЛІ ЖАРЫС ӨТТІ

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясы Шымкент қалалық филиалының қолдауымен және Шымкент қаласының №12 балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің ұйымдастыруымен жасөспірім ұлдар және қыздар арасында дзюдо күресінен Республикалық ашық турнир үшінші күнге жалғасты.

Бұл дүбірлі жарыс биыл «Ақ жол» демократиялық партиясының құрылғанына 20 жыл толуына және «Балалар жылы» аясында өтті. Жарыс Шымкент қаласындағы Жабдық Шейлентика каласындағы Жабдық Шейлентика мектебінде өтті. Ашық турнирге Қазақстанның барлық аймақтарынан 2009-2013 жылдары туған барлығы 730 жас палуан қатысты.

Жарыстың ашылу салтанатында «Ақ жол» ҚДП Шымкент қалалық филиалының төрағасы Әлімхан Абжанов сөз сөйлеп ашты. Ол қатысушыларға өмірде спорттың

қаншалықты маңыздылығын, ата-аналарын тындап, сабақтарын жақсы оқуды ұмытпай, алда қойған мақсаттарға ұмтылып, қалайда жету керектігі туралы айтып, кішкентай палуандарға сәттілік пен жеңіс тілеп, болашақта әлемдік чемпиондар болуларын тіледі.

Бұл іс-шараға «Ақ жол» партиясы Шымкент қалалық филиалының барлық қызметкерлері және «Ақ жол» ҚДП сайланған жергілікті мәслихат депутаттары Ноян Төлегенов, Жамалбек Жораев және Назипа Мамықова қатысты.

Турнир жеңімпаздарын марапаттау салтанатына ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары, белгілі акын Қазыбек Иса қатысып, сөз сөйледі.

Жарыстың мақсаты жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және жас палуандардың шеберлігін шыңдау.

Жасөспірімдер арасында өткен дзюдо күресінен Ашық турнир өз мәресіне жетіп, жеңімпаздар марапатталып, жабылу салтанаты өтті.

Республикалық деңгейдегі жарыстың жабылу салтанатына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ақ жол» Демократиялық партиясы төрағасының орынбасары, акын Қазыбек Жарылқасынұлы Иса Астана қаласынан арнайы келіп, құттықтау сөз сөйледі: ««Ақ жол» Демократиялық партиясы еліміздегі спорттың дамуына үлкен назар аударып, үнемі спортшыларға қолдау жасауда. Міне, шырайлы Шымкент төрінде керемет жарыс өтуде. Бұл жарысқа Қазақстанның барлық облысынан 730 жас палуандар қатысып жатыр, мұндай дүбірлі жарыс Шымкентте бірінші рет өтуде. Бұл жарыс «Ақ жол» демократиялық партиясының құрылғанына 20 жыл толуына және «Балалар



жылы» аясында өтуде. Сондықтан «Ақ жол» демократиялық партиясының Шымкент қалалық филиалының және №12 балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің басшылығына алғыс айтамын. Әлемде Қазақ елінің көктуы тек мемлекет басшысы мен чемпион спортшылар құрметіне ғана көтеріледі. Сіздердің араларыңыздан да еліміздің көктуын көтеретін чемпиондар шыға берсін!» – деді.

ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса соңғы жылдары бірнеше рет Парламент төрінде еліміздегі спорттың жағдайы бойынша, атап айтқанда футбол саласындағы күрделі мәселелерді көтеріп, депутаттық сауалдар жолдады. Әр сауалында көтерілген мәселелер бойынша халық арасында үлкен резонанс туды.

Бұдан басқа Қазыбек Иса, Әлімхан Абжанов, Мұхамед Қырықбаев, Ноян Төлегенов, Жамалбек Жораев, Мұхтархан Ділдәбеков жеңімпаздарға салтанатты түрде медальдерін

тағып, сертификаттар мен сыйлықтармен марапаттады.

1-орын иелері – 200 мың теңге, 2-орынға – 150 мың теңге, 3-орынға – 100 мың теңгелік сертификаттармен марапатталды.

«Ақ жол» ҚДП Шымкент қалалық филиалы осы Республикалық Ашық турнирді өтуіне демеушілік жасаған «Ақ жол» фракциясының Шымкент қалалық мәслихатының депутаттары Ноян Төлегенов пен Жамалбек Жораевқа және бұл іс-шараны ұйымдастырған Шымкент қаласының дене шынықтыру және спорт басқармасы мен қаламыздағы №12 балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің басшылығына алғысымызды білдіреміз.

«Ақ жол» Демократиялық партиясы елдегі жасөспірімдер арасындағы спорттың дамуына назар аударып, үнемі жас спортшыларға қолдау жасап келеді.

Мұндай жасөспірімдер арасында дзюдо күресінен жарыстар «Ақ жол» ҚДП Шымкент қалалық филиалымен дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіліп тұрады.



Мәжіліс депутаты, «Ақ жол» партиясының төрағасы Азат Перуашев Конституциялық өзгерістер бойынша референдумға дайындық аясында Жетісудың еңбек ұжымдарымен жүздесіп қайтты. «Ақ жол» демпартиясының Алматы облыстық филиалы жетекшісі Мираш Шынасылова мен оның өңір бойынша орынбасары Ермек Егінбаевтың жоспарлауымен депутат Қарабұлақ ауылында Ескелді ауданының бюджеттік қызметкерлері және кәсіпкерлерімен кездесті.



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАНЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Халық қалаулысы Конституциялық реформаның негізгі бағыттары туралы баяндап, Қаңтар оқиғасы кезінде анық көрінген оның негізгі себептеріне баса назар аударды.

— Референдум туралы шешім қабылдай отырып (парламенттегі талқылаудың орнына), Қ.Тоқаев азаматтық ерлік пен көрегендік танытты деп ойлаймын. Қаңтардағы мемлекеттік төңкеріс жасауға тырысқандар президент және оның реформаларының оппоненттері билік үшін барлық әрекетке дайын екендіктерін көрсеткендіктен, бұл ерлік болып табылады.

Халық Конституциядағы өзгерістерді мақұлдаған жағдайда Мемлекет басшысы мемлекеттіліктің жаңа парадигмасының дамуындағы алдағы барлық өзгерістеріне карт-бланш алатындықтан, бұл көрегендік. Келесі кезеңде бұл өзгерістер Конституциялық реформа бойынша болжағандарымыздан да терең болатынына кәміл сенемін.

Мұндай түсінікке Конституцияның 3-бабы құқықтық негіз бола алады, онда Республикадағы биліктің жалғыз көзі халық болып табылатындығы жазылған. Яғни, халықтың сенімі батыл өзгерістерді толық ақтайды, — деді А. Перуашев.

Осы орайда, депутат саяси партияға мүше болуға және туыстарына мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияларда жетекші лауазымдарға ие болуға тыйым салу секілді Президент өкілеттігін шектеулерге қатысты да өз ойын білдірді.

— Бірінші жағдайда, Мемлекет басшысы өзін ұсынған партияның неғана емес, бүкіл Қазақстан халқына, соның ішінде, өзіне қарсы дауыс бергендерге де қызмет ететіндігін білдіреді. Бұл мемлекет басшыларының саяси мәдениеті мен азаматтық кемелдігінің жаңа деңгейі. Екіншісі, жеке партияның ғана емес, өз отбасының артықшылықтарын ойлаудан Президентті қорғай отырып, қоғамның өткір талқысына түскен 1-талапты толықтыратын норма. Осы арқылы непотизм саясаты мен кадрларды іскерлік қабілеттері бойынша емес, мемлекет басшысына жақындық критеріі бойынша таңдауға тосқауыл қойылады, — деді ол.

Сондай-ақ, «Ақ жол» төрағасы парламент және оның палаталарының, жоғарғы аудиторлық палатасының және Конституциялық соттың статусындағы өзгерістерге, партиялық және сайлау жүйесін дамытуға қатысты көзқарасын жеткізді.

Оның өзінше, жер және қазба байлықтарының Қазақстан халқына тиесілі екендігі туралы Қазан Конституцияда бекітілуі ірі шетелдік инвесторлармен, соның ішінде бұрынғы ӨБК-ны ұзарту бойынша келіссөздерде ұлттық мүддемізді табанды түрде қорғауға мүмкіндік береді.

— Тұтастай алғанда, бүкіл реформаның мақсаты, менің ойымша, билік пен шенеуніктерді қоғамның қажеттіліктері мен сұраныстарына жақындетті және саяси жүйені (бұрынғы суперпрезиденттік жүйенің орнына президенттік) қалыптастыру, мемлекеттік басқару мен өзара әрекеттесудің жаңа үлгісі болып

табылады. Сонымен бірге ол адамдарды эйфория мен тым биік үміттерден де сақтандырдым: Жаңа Қазақстан немесе Екінші Республика туралы айта бастағанымыздан өмір өздігінен өзгеріп кетпейді. Ұлтты алда қыруар жұмыс күтіп тұр, ал Конституциялық реформа — мұндай өзгерістерге жол ашатын алғашқы қадам ғана. Бірақ, бұл мүмкіндіктерді қалай пайдаланатынымыз өзімізге байланысты. Ал қазіргі кезеңде біз ең болмағанда шыншыл бола аламыз: мемлекеттік органдар қоғамды, ел азаматтарын өзара қарсылап, соның ішінде реформаның өз таңдауымызды жасау және дауыстарды әділ (әдеттегідей емес!) санау арқылы. Бұл қазірдің өзінде Жаңа Қазақстанға бет алған қозғалыс болмақ, — деді А. Тұрлыбекұлы.

Мұнан кейін Ескелді аудандық ауруханасының дәрігерлерімен қызықты медицина қызметкерлерімен өте қызықты, айтарлықтай эмоционалды кездесу өтті. Депутаттың әңгімесі ұжым тарапынан қызығушылық тудырып, қолдау тапты.

Азат Перуашев ауданның жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің жаттықтырушылармен, жас спортшылармен еркін пікір алмасты.

Сондай-ақ, Текеліде қалалық сүт зауытының еңбек ұжымымен кездесу өтті. Мұнда кәсіпорын басшылығы конституциялық реформаны талқылаумен қатар, шикізатты сатып алу бағасы сүттің 105 теңге/литрінен 180 теңгеге дейін көтерілгендіктен, азық-түлік тауарларының әлеуметтік бағасын субсидиялау қажеттігі туралы алаңдаушылық білдірді, ал өкімдік орталық тауарлардың (сүт, сүзбе, май) бағасын көтермеуді талап етеді екен. Сондай-ақ, ақылы жолдардың енгізілуіне байланысты компанияның өнімдерін тасымалдауға кететін шығындары күрт өсті (айпақшы, теміртаулық сауыншылар да бұрын осындай шығындарды көтермеудің және бұл шығындарды да әлеуметтік бағаға «сәйкестендіру» керек.

Мәжіліс депутаты Үкіметке тиісті сауалдар дайындайтындарын жеткізді.

Текелі тау-кен байыту комбинатында қызықты кездесу өтті. Кәсіпорын баяғыда жабылған қорғасын-мырыш зауытын ауыстырды; инвесторлар 700-ден астам жұмыс орнын құруды қамтамасыз етті, тіпті тапсырыссыз кездің өзінде де ауыспалы кесте бойынша жұмысты жалғастыруда және мәжбүрлі демалыстағы қызметкерлердің жалақысының 50% төлеуде.

Жұмысшы ұжым — кеншілер мен металлургия — Қ.Тоқаевтың «Мықты президент — ықпалды парламент — есеп беретін үкімет» формуласындағы Парламент пен Үкімет арасындағы қарым-қатынасқа; бағдарламаларды орындамағаны үшін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі; «Жер мен жер қойнауы халықтыкі» жаңа нормасы аясында отандық өңдеушілерді қолдау мәселелеріне ерекше қызығушылық танытты.

Ұжым кеншілер мен металлургия зейнет жасын қайтаруды талап еткен «Ақ жол» партиясына ерекше алғысын білдірді, осы орайда Азат Перуашев Премьер-министрдің орынбасары Е.Тоғжановтың

Үкіметтің бұл мәселені қарастыратыны туралы бүгінгі мәлімдемесін айтып жиналғандарды қуантты. Бұл жаңалықты жұмысшылар ыстық ықыласпен қарсы алды.

Жиынға келген кәсіпкерлер де теміржол түйіктері монополистерімен ұзақ уақытқа созылған дау-дамай, ақыры тарифтің 95%-ға төмендеуіне әкелгені үшін «Ақ жол» партиясына зор алғыстарын білдірді. ШОБ өкілдері де партияның бұдан былайғы талаптарын — бұл түйіктерді мемлекетке ғана емес, жеке кәсіпорындар санатындағы санат иелеріне қайтару туралы бастаманы қолдады. «Ақ жол» лидері бұл жұмысты жалғастыруға уәде берді.

Орайлы сәтті пайдалана отырып, депутат осы зауыттағы екі мартен пешінің құрылыс барысымен танысты.

Одан кейін қалалық мәдениет үйінде жекілі қалалық тұрғындармен үлкен жиын өтті. Халық жоспарланған өзгерістерді қолдайтынын, конституциялық реформа шын мәнінде ел мен азаматтарының өмірінде жаңа дәуір ашатынына сенім білдірді.

Сумен қамтамасыз ету, партиядан тыс кандидаттарға мәслихаттардың кезекті сайлауына қатысу, жаңа қоғамдық бірлестіктер құру және өкімдерді сайлауға толығымен көшу мәселелері бойынша бірқатар өтініштер айтылды. Жиынға қатысқан қала әкімі қаланың су құбырын тарту бойынша қолданыстағы құжаттарды беруге дайын екенін айтты, депутат бұл мәселемен бюджетті нақтылау кезінде айналысатынын жеткізді.

— Мәслихат сайлауына қатысу мәселесіне қатысты Конституцияға енгізілген өзгерістерде облыстық мәслихаттарға сайлаудың аралас, ал қалалық және аудандық мәслихаттарға мажоритарлық сайлау жүйесі қарастырылғанын айттым. Сондықтан мұндай сайлауға партиялық емес кандидаттар қатысуға мүмкіндік емес. Жаңа қоғамдық бірлестіктерді құру мәселесіне келетін болсақ, Әділет министрлігі оларды тіпті екі азаматтың да тіркеу мүмкіндігі туралы норма дайындап жатыр, сонымен қатар жаңа саяси партияларды тіркеуге қойылатын талаптар да айтарлықтай жеңілдетілді.

Өкімдерді сайлауға қатысты, бұл реформа Президент Қ.Тоқаевтың алғашқы маңызды жаңашылдықтарының бірі болғанын, өткен жылдың шілде айынан бері жүздеген ауыл және аудандық маңызы бар қала әкімдері сайланғанын, оның ішінде «Ақ жолдан» да үміткерлер өткенін атап өттім. Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар өкімдерін тікелей сайлауға көшу 2024 жылға жоспарланған; ал облыс әкімдері үшін Конституцияға енгізілген түзетулер президент ұсынған және мәслихат таңдаған кемінде екі кандидатты тағайындауды көздейді — яғни шын мәнінде бұл да таңдаудың жанама болса да, бір түрі, — деді А. Перуашев.

Кешкі уақытта «Ақ жол» демпартиясы жергілікті филиалының басшылығы мен Алматы облысындағы мәслихат депутаттарымен жиын өткізіп, келесі күнгі жұмыс кестесін жоспарлады.

«Ақ жол»:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК ТАСЫМАЛДАРЫ ҰЛТТЫҚ МҮДДЕМІЗГЕ САЙ РЕТТЕЛСІН

«Ақ жол» ұлттық экономикалық мүдделерді қорғауды ескере отырып, Қазақстанда қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін шетелдік компанияларға қатысты реттеу шараларын шұғыл әзірлеуді талап етті. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қ. Өскенбаевқа жолданған Фракцияның тиісті депутаттық сауалын Мақсат Раманқұлов жариялады.

Соңғы уақытта Қазақстан Беларусь Республикасында және Ресей Федерациясында тіркелген тасымалдаушылардың атына Еуроодақ тарапынан енген санкциялардың 5-пакетіне байланысты Еуропадан автокөлікпен жүктерді жеткізуге байланысты бірқатар мәселелерге тап болып отыр. Осыған байланысты олардың бірқатар компаниялары бизнесті Қазақстан Республикасына ауыстыруда.

Осыған байланысты ағымдағы және күтілетін проблемалар айқын.

Бүгінгі таңда барлық жүктерді Ресей, Беларусь және Қазақстанға біз тек қазақстандық нөмірі бар автомашиналармен жеткізе аламыз, осыған байланысты ресейлік жеке белорустық компаниялар Қазақстанда тіркелуде, үлкен жүктерге қазақстандық нөмірлерді алуға, «рұқсат беруші» деп аталатын рұқсат бланкілерін таңдап, Еуропаға кедергісіз кіріп, Қазақстанның туын жамылып әрекет етуде.

Шетелдік рұқсат бланкілерінің жетіспеушілігі осы қызметтер бағасының күрт өсуіне әкелді. Егер 2021 жылы жүктерді тасымалдау үшін бір автокөлікті жалдау құны 5-6 мың еуроно құраса, қазір бағалар 10-15 мың еуроға дейін өсті. Осы шығындардың барлығы, сайып келгенде, тұтынушыға түседі.

Сонымен қатар, тасымалдауға рұқсат беру әдістемесі тасымал көлемінің артуын ескере отырып, бүгінгі шындыққа сәйкес келмейді. Және де, бланкілер көбінесе ірі логистикалық компанияларға, соның ішінде Қазақстанда тіркелген ресейлік және белорустық компанияларға беріледі. Сондай-ақ, рұқсат бланкілерін басқа автотасымалдаушыларға қайта сату фактілері бар.

Өз қызметін Қазақстанға көшірген ірі ресейлік және белорустық автотасымалдаушылар бәсекелестік туғызады және біздің кәсіпорындарды нарықтан ығыстырып, сол арқылы жергілікті компаниялар мен халықтың табысын азайтады, өйткені олардың ауыр жүктерінде негізінен Ресей және Белоруссия азаматтары жұмыс істейді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Ақ жол» фракциясы келесіні қажет деп санайды:

1) халықаралық санкциялардың қолданылу кезеңінде еліміздің ұлттық экономикалық мүдделерін қорғауды ескере отырып, Қазақстан аумағында қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін шетелдік компанияларға қатысты реттеу шараларын шұғыл түрде әзірлеу.

2) бөлінген рұқсат бланкілерін (ИДБ) пайдаланбайтын компанияларды тексеру және оларға бақылауды күшейту, оларды электрондық форматта қайтару тәртібін көздеу.

3) қазақстандық автокәсіпорындар сатып алатын жаңа автокөлік құралдарының кедендік тазартылуы және лизингі үшін жеңілдікті жағдайлар ұсыну.

4) Еуроодақ елдерімен екіжақты келіссөздер жүргізуге және тасымал көлеміне квотаны ұлғайтуға қол жеткізу, оның ішінде рұқсаттардың үшжақты бланкілеріне (ИДБ) квотаны ұлғайту.

Осы шаралардың барлығы жүктерді жылдам жеткізу жағдайын едәуір жақсартады, халықаралық аренадағы автотасымалдаушылардың проблемаларын шешеді, ел бюджетіне түсімдерді ұлғайтады және жұмыс орындарын құрады.

Құрметпен, «Ақ жол» фракциясының депутаттары

Мәскеу тарапынан 1925 жылы шын атымен атасақ – Шая Ицикович, орысша кейінгі есімі – Филипп Исаевич Голощекин, қазақтардың сыйға тартқан аты – Қужақ Қазақстанға басшы етіп жіберілгеннен кейін халқымызды үлкен қасіретке ұшыратқанын тарих беттерінен білеміз. Голощекин Қазақстанға келе салысымен, жергілікті ұлт интеллигенттері мен қайраткерлерінің өзара қырқыстырып, ақыры соңында оларды қуғындап, үлкен қасыретке душар етті. Ал 1930-1933 жылдары қазақ халқын аштыққа ұшыратып, ұлттық мәйегін жойып, сүйегін далаға шашып кетті. Осы ашаршылық жылдарындағы Әулиеатаның тарихи жағдайынан хабардар болу үшін былтырғы жылы Алматыға арнайы барып, ҰҒА құрметті академигі, ҚазҰУ профессоры марқұм Талас Омарбековпен сұқбаттасып едік. Ғалымның көзі тірісінде сұхбаттың бірінші бөлімі республикалық «Қазақ үні» газетінің №26(948)5.07.2021 жылғы санында жарияланған еді. Енді, міне, Талас ағамыз өмірден өткенімен, Әулиеата өңіріне қатысты тарихи әңгімесін жалғастырудың сәті түсіп отыр.

– Талас аға, өткен ғасырдағы кеңестік тоталитарлық режим кезінде, атап айтсақ ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында Қазақстанда байларды тәркілеу және шаруаларды күштеп ұжымдастыру науқаны тұсындағы жағдайды жете зерттеп, еліміздің сол кезеңдегі тарихының тұманды тұстарын ашып, ғылыми айналымға түсіріп келесіз. Тіпті «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» деген ғылыми зерттеу еңбегіңізде: «Күштеп ұжымдастыру жылдарында Әулиеата жерінен ауа көшіп, бауырлас қырғыз елін паналаған аяулы анам – Тынымның аруағына арнадым» депсіз. Сонда сіздің ата-анаңыз да сол бір нәубет жылдарды бастан кешкен бе?

– Кеңес өкіметінің күштеп ұжымдастыру саясатының салдарынан яғни, Қазақстанға басшы болып келген И.Ф.Голощекиннің «Кіші қазан» саясаты елді жаппай аштыққа ұшыратты. Бұл халқымыздың тарихындағы ең қасіретті кезең. Бұл нәубетті еліміздің барлық аймағы бастан кешті. Көптеген ата-бабаларымыз сол аштықтан қырылса, енді бірі шекара асып босып кетті.

Менің әкем Омарбек пен шешем Тыным екеуі сол аштық жылдары қырғыз ауып барған. Анам: «Қырғыздың жеріне ауып, Таластың бойын бойлап, жоғары қарай Алатау арқылы асып түссек қырғыз елінде егін жайқалып тұр екен. Аштан қырылып жатқан ел жоқ. Содан қырғыздарға егін орауға жалдандық. Сөйтіп аман қалдық. Кейінірек Қазақстанға Мирзоян билікке келгеннен кейін ауылда жағдай жақсара бастады. Соны естіп туған елге қайта оралдық» – дейтін еді. Сондай-ақ, марқұм шешем сол кезеңдердегі яғни, қақаған қыс айларында мына Таластың бойында қырылған адамдарды қат-қатымен қалай жинап қойғандарын, аш адамдардың жылан мен тасбақаның етін қалай пісіріп жегендерін яғни, жантүршігерлік оқиғаларды маған үнемі айтып отырушы еді.

– Кеңес үкіметінің жете ойластырылмаған саясатының салдарынан қазақ елі адам төзгісіз зобалаңға ұшырады. Мәселен, жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылығының тамырына балта шапқан яғни, күштеп ұжымдастыру науқаны кезеңіндегі Әулиеата өңіріндегі жағдайдың тарихына тоқталсақ. Кеңестік жүйенің қасіретті жылдарында еліміздің өзге өңірлері секілді Әулиеата аймағындағы тұрғылықты халықта ашаршылық жылдары адам төзгісіз жағдайға ұшыраған ба?

– Енді Әулиеата өңірінде тағы да болса біздің аудан таза мал шауашылығы емес, бұл ішінара егін ететін аудан. Менің айтып отырғаным бұрынғы Свердлов,

екінші хатында көрсетілген. Оған ел көбінесе назар аударма бермейтін сияқты. Сол хатқа қарасаңыздар яғни, 1933 жылдың наурыз айында Рысқұловтың Сталинге жазған хатында мынандай мәселе айтылады: «Сарысу ауданында ашаршылық өте қатты өршіп тұр. Адамдар босып, көпшілігі Әулиеата қаласына барды. Ал бірталай адамдар Қырғызстанға өтіп кетті. Жолшыбай жосылған адамдарға жолда қаруланған адиттер шабуыл жасап, өзі аш адамдарды одан сайып қырғынға ұшыратты. Аштықтан босқан әйелдер өздерінің кішкентай баларын Таластың суына лақтырды» дейді. Бұны Рысқұлов Сталинге жазып отыр. Осындай жантүршігерлік жағдай қалыптасты дейді. Осы аштық өте өршіп тұрған кезде Сарысу және Талас өңіріне жалпы біздің Әулиеатаның аймағына мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов уәкіл болып барған. Уәкіл болып барған кезде О.Жандосов Сарысу ауданының халқының біраз бөлігін Созаққа

едім» деп айтты, – дейді Голощекинге жазған хатында.

Әулиеата өңірі туралы О.Жандосовтың тағы бір хаты бар. Мысалы, қайраткер О.Жандосов: «Елді аралап Талас ауданына бара жатқан сапарымда жолда 14-15 жасар жалғыз бала кетіп бара жатыр екен. – Әй, қайда бара жатырсың деп сұрап едім, «мен ауылға бара жатырмын» деді. Мен оған «Ауылың қайда?» деп едім, Талас ауданындағы бір ауылды атады. «Онда неменеге бара жатырсың?» дедім. (Ол кезде бәрі ашаршылықтан қырылып жатқан кез ғой. Т.О.). «Ол жақта туыскандарым бар, соларға бара жатыр едім» деді. «Өзің қайдан келе жатырсың?» деп едім, «өзім Қырғызстаннан келе жатырмын» деді. «Неге жалғызсың?» дедім. Сонда ол айтты: «Менің әке-шешем Қырғызстанда аштан өлді. Енді өзімнен кіші інім мен қарындасым үшеуіміз елге қайтуға жолға шыққанбыз. Мен оларды жолда тастап кеттім», – деді. Сонда әлгі бала қырғыз жерінен шыққан

«Атшабардағы» үйлердің шетінде аштықтан өлген адамдардың денесін бірінің үстіне бірін қатар-қатар кәдімгі ағаш бөренелері сияқты сатылатып жинап қоятын болған. Енді қыстың суығында өліктің денесі бұзылмайды ғой. Сонда Әулиеатаның, қазіргі Тараздың орталығында сірескен қалпында өліктерді бірінің үстіне бірін қалап тастаған екен. Оларды жерге көмгенге яғни, біріншіден жер қазуға ешкімнің қауһары шама-малы, адамдардың бәрі аштықтан бұралып жүр, әбден әлсіреген Қақаған қыс мезгілі болғандықтан, жер қатып қалған тоң. Екіншіден тірі адамдар өліктерді жер жібіп, жұмсарғаннан соң яғни көктем шыққанда жерлемек. Міне осындай өліктің арасында адамдар жүріп, жұмыс істеп күн көріп жатты. Айналасы толған өлік. Әулиеатаның ол кездегі тарихы өте сұмдық, аянышты тарих. Жасыратыны жоқ, адам етін жегендер де болды. Күн көріс үшін бәріне барды адамзат. Әрине, біз бұл тарихты зерттеуге, айтуға, жазуға тиіспіз.

ӘУЛИЕАТАНЫҢ

қазіргі Байзақ ауданы. Дегенмен бұл аудандағы ашаршылық өте сұрапыл болған. Кезінде ашаршылық жылдары Ғалым Ахметов деген кісі сол кездері Свердлов деп аталған қазіргі Сарыкемердің шығыс жағындағы ауылға уәкіл болып барған. Ол өзінің кітабында жазады сол ауылдан кісі етін жеген адамды қалай ұстағандарын. Дегенмен де, Әулиеата өңіріндегі сұрапыл аштық бәрінен де мына Сарысу және Талас аудандарының территорияларында қатты болды. Неге олай? Өйткені, Сарысу ауданы негізінде Орталық Қазақстанға тиіп жатқан аудан. Мына шығыс жағы Мойынқұм арқылы Бетпақдаламен шектеседі. Ал Талас ауданы да сол Мойынқұмға барып тіреліп жатқан аймақ. Бұл аудандарда негізгі тірлік дәстүрлі мал шаруашылығы болған. Халық малмен күн көріп отырған. Осы малды 1928 жылы ірі қазақ байларын кәмпіскеуден кейін яғни бәрін сыпырып алған соң халықтың жағдайы өте ауырлап кеткен. Біздің Әулиеата өңіріндегі осы екі аудан аштықтан адам айтқысыз азап шекті. Тіптен, Сарысу ауданындағы жағдай Т.Рысқұловтың Сталинге жазған

көшірген. Қаратау асырып Созаққа көшіріп, елді ашаршылықтан аман алып қалуға әрекет жасаған. Сол О.Жандосовтың Голощекинге жазған хаты бар. Сұмдық жантүршігерлік хат. Хатта Жандосов: «Қара жолменен Сарысу ауданында №5 ауылға қарай келе жатыр едім, алдымнан айдалада 12-14 жастағы екі бала жолықты. Олар жаяу кетіп бара жатыр екен. Содан көлігімді тоқтатып: «Әй балалар қайда бара жатырсыңдар?» деп сұрадым. Сонда олар: «Анау сайда көктемде ит атқыштар келіп иттерді атып, солардың терісін сыпырып алып кеткен. Енді біз сол сайға барып, иттердің өлімтігін жеп, тамақтанып жүрміз. Бұл жаз айы болса, ал енді иттердің өлімтігі көктем айында болған болса, қаншама уақыт өткен соң бұзылған иттердің өлімтігін балалар барып жеп жүр екен. Одан кейін бір ауылға келгенімде алдымнан ісініп кеткен аяғы ауыр бір әйел шығып, маған зорға дегенде күбірлеп сөйлеп, қолын көтеріп: «Анау кетіп бара жатқан итті атып берші» деді. Оны не қыласың? – дегенімде «Үйде бес балам аштан өлейін деп жатыр. Ана итті атып берсеңіз, соларға мен тамақ қылар

соң, әлгі інісі мен қарындасын алып жүре алмаған соң жапан далада тастап кетіпті. Сөйтіп өзі ағайын-туыскандарын іздеп келе жатыр екен», – деп жазады Голощекинге жолдаған хатында. Қарап отырсақ өте ауыр, жантүршігерлік жағдай. Бұл фактілерге тіркелген оқиғалар, ал тіркелмеген, көзге көрінбей қалған қанша ауыр жағдайлар болғаны бір құдайға ғана аян.

– Кейде еліміздің өзге аймақтарына қарағанда «Әулиеаталықтар қатты аштыққа ұшырамаған» деген пікірлерді кейбір тарихшылар мен зерттеушілерден естіп қаламыз. Осындай ой-пікірлерге тарихшы және дәл сол зобалаң жылдарындағы кезеңді зерттеуші ғалым ретінде не айтасыз?

– Әулиеата қаласының орталығында қыс айларында күн сайын шайханалардың маңында 20 баланың үсіп өлгенін Т.Рысқұлов Сталинге жазған хатында көрсеткен. Ал енді бұдан шығатын қандай қорытынды? Әулиеата өңірінде ашаршылық өте қатты болған. Мен кейбір фактілерді оқыдым, мынау Тараз қаласының орталығында «Атшабар» деген жер бар ғой. Сол

Ал енді өзің айтқандай яғни, мен айтып отырған туған өлкеміз, аймағымыз туралы біреулер ойлайды Қырғызстанға жақын, Талас өзенінің жағасында болғандықтан ашаршылық онша қатты болған жоқ ғой деп. Ал шын мәнінде ашаршылық Әулиеата өңірінде өте қатты болды. Оған жоғарыда келтірген деректерім дәлел болу үшін аздық етпейді.

– Кеңес өкіметінің ұжымдастыру саясатына қарсы халық көтерілістерінің ішінде «Созақ» оқиғасы көп айтылады. Алайда сіздің ғылыми-зерттеу еңбегіңіздегі «Созақ» оқиғасындағы халық толқулары бастапқыда Әулиеатаның солтүстік батысындағы Сарысу ауданынан басталған деген тарихи деректі дәйектер келтіресіз. Сонда «Созақ» оқиғасының басты ошағы Сарысу өңірі болған ба?

– Негізінде Кеңес өкіметіне қарсы Қазақстан бойынша 372 көтеріліс болған. Біреулер айтады 372 көтеріліс деген қайдан шыққан деп. 1992 жылы саяси қуғын-сүргін қорбандарын ақтау жөніндегі комиссиясының мүшесі ретінде Ұлтық қауіпсіздік комитетінің архивінен құжаттар сұратып қараған кезде 372 көтеріліс болғанын және оған 80 мың адам қатысқанын да анықтағанбыз. Бұл көтерілістердің ішінде 15 ірі көтеріліс бар. Голощекин Сталинге жолдаған хатында жазады осы 15 көтеріліске 34 мыңдай адам қатысқанын. Бұл 15 ірі көтеріліс деп отырғанымыз аудан оталығын басып алған, ройкомдарды, ройселкомдарды өртеп, басшыларын өлтірген, былайша айтқанда кеңес үкіметін аудандық деңгейде құлатқан көтерілістер. Ал қалған көтерілістер басталған жерінде басылып, шаншылып тасталған көтерілістер. Мысалы біздің кішкентай ғана Талас ауданының территориясында 3 көтеріліс болған. Сарысу ауданында да бірнеше көтеріліс болған. Көтеріліс басталған бетте қызыл әскерлер мен коммунистік отрядтар арқылы басып тастап отырған. Қызыл әскерден бөлек коммунистік отрядтарды біздің Әулиеата өңірінде





КӨЗ ЖАСЫ

мал дәрігерлік техниканың оқушыларынан жасақтаған. Негізінен бұл отрядтардың қатарына өзге ұлт өкілдерінен алған. Әсіресе, славян ұлтының өкілдерінен алып отырған. Ол кезде біздің Әулиеатаға қоныстанған славян ұлты өкілдері көп болған. Міне солардың ішінен коммунист, комсомол мүшелерін алып, қолдарына қару беріп Талас, Сарысу аудандарындағы көтерілістерді басуға жіберген.

Ал енді өзін айтып отырған Созақ көтерілісіне байланысты айтқанда, бұл көтеріліс жоғарыда мен айтқан 15 көтерілістің ішіндегі ең ірі 4 көтерілістің бірі. 1931 жылы желтоқсан айында Голощекин Сталинге Қазақстан бойынша жазған хатында 4 ірі көтерілісті атап көрсетеді. Соның біреуі осы Созақ оқиғасы. Сол Сталинге жазған хатында Голощекин: Созақ көтерілісін басу кезінде 400 адамды өлтірдік дейді. Бұл 400 адамды көтерілісті басқаннан кейін қызыл әскерлер мен коммунисттік отрядтарды атап басаған адамдар. Ал көтерілісті басарға дейінгі яғни, алдындағы қақтығыстарда өлгендері қанша ма? Бұл рәсімде да өте үлкен қырғын. Ал енді Созақ көтерілісі немесе басқа көтерілістер туралы айтқанда болсын біздің бір қателігіміз осы көтерілістерге қандай рулар қатысты дегенді айтудан қашамыз. Бұл енді тарихи шындықты жасырудың тағы бір түрі. Рушыл деп айтады дегендей біз әр көтеріліске қандай рулардың жігіттері қатысты деген мәселені айтқымыз келмейді тартқыншақтап. Созақ көтерілісі негізінен тама руының жігіттерінің көтерілісі. Тама руының жігіттері ұйымдастырған көтеріліс. Бірер-саран басқа рулардың жігіттері қатысты. Олардың бәрінің тізімдері бар. Олар ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде тұр. Мен тіптен сол оқиғаға қатысқан кісілердің руларын да анықтадым. Негізі, бұл көтерілісті түгелдей дерлік тама руының жігіттері басқарған. Біздің Сарысу ауданын негізінен тама руы мекендейді. Содан кейін Шым-

кентке қарайтын кей аудандарда да тамалар бар. Ол кезде ұйымшылдығы мықты ақсақалдар көп болған. Міне, тама руының жігіттері барлық жұмысты осы ақсақалдармен ақылдаса отырып жасаған. Бұны айтып отырғаным – барлық Қазақстанда болған көтерілісті қанша жерден ұлттық көтеріліс деп көтермелесекте, олар ең алдымен сол рулардан құралды. Бұны ұмытпауымыз керек. Тіптен, Қазақстанда құрылған колхоздардың өзі рулық колхоздар болды.

Негізінен, Созақ көтерілісі мен Сарысу көтерілісі байланысты. Созақ көтерілісін басқарған Сұлтанбек Шалақовтың өзі Сарысудың бір ауылынан шыққан азамат деп көрсетілген архивте. Негізінде біздің Әулиеатаға қарасты Сарысу өңірі бұл дүрбеленге ерте араласты. Өйткені Сарысу мал өсіретін өңір болғандықтан 1928 жылы сол аудандағы ірі байларды кәмпіскеу науқаны аса қарқынды жүргізілген. Көп адамды кәмпіскеулеген. Осы ішінде байлар мен орташаруа, тіпті, кейбір кедейлердің отбасында ауақаттылардың тізіміне қосып тәркілеп, қамап тастаған. Осыдан кейін ел ішінде халық наразылығы күшейген. Сарысудағы халық көтерілісі де айтарлықтай ірі көтерілістер. Бірақ көтерілістер басталған бетте әр ауылда наразылыққа шыққан халық ұжымдастыру мен тәркілеуден толған қамбалардың аузын бұзып кіріп, астықты тартып алған, қамап қойған азаматтарды түрмеден босатып алған. Одан кейін Кеңестік үкіметтің қызыл әскері келіп наразылықты басамыз деп халықты қарғынғы ұшыратып, бәрін басып қаншығы тастаған. Негізінде Сарысу ауданындағы көтеріліс сол Созақ көтерілісінің бастауы болып табылады және өзара байланысты.

— Сарысудағы халықтың жаппай бас көтеруіне негізгі себеп болған жағдай кеңестік биліктің тәркілеу мен ұжымдастыру саясатының салдарынан туындаған дейміз. Расында да, жергілікті халықтың ашы-

на наразылық танытып, қарулы қақтығысқа дейін баруына басқа да себептері бар ма?

— 1929-1930 жылдары Сарысудағы халықтың көтерілуіне негізі мына жағдай әсер еткен. Кеңестік биліктің өкілдері мен белсенділері Шолақ қорған мен Созақта жерді кісі бойынан асатындай қазып, үлкен шұңқыр жасап Сарысудан кәмпіскеуленген байларды алып барып қамаған. Негізінде бұл қамалғандар бай емес орта шаруалар. Өйткені Қазақстанда ірі байлар 1928 жылы кәмпіскеуленіп кеткен. Әлгі қазылған шұңқырлардың сыртына яғни, жан-жағын шыбықпен қоршап, концлагер сияқты сыртына милицияны айналып жүретін етіп күзетке қойған. Ар әалгі бай деп тәркіленген орта шаруалардың бәрін сыртқа өрмелеп шыға алмайтындай кісі бойынан асатын шұңқырға түсірген. Шұңқырлардың төбесі ашық болған. Бұл оқиға қыс мезгілінде басталғандықтан көктемде мидай батпақ толстаған, жаңбыр жауған кезде тізеден су келеді. Әлгі байғұстар осы батпақ пен тізеден асатын суды кешіп, ашық аспанның астында әбден жаурап, тонып, суықтап аурудан қырылған. Міне тәркіленген туыскандары мен ағайындарының осындай жағдайын естіп, Сарысудағы тамалар атқа қонған. Олардың арасынан «Не істейміз, осылай отыра береміз бе?» — деп Сұлтанбек Шалақов сияқты азаматтар шыққан. Содан олар атқа қонып, Созаққа түнделетіп жетіп, сонда жасырынып, сенімді ағайын-туысқан болып ақылдасып, сол жақтағы ертенде көтерілісті ұйымдастырып, ауданның орталығын басып алған. Дауан Қаңылыбаев деген райселкомның төрағасының мойнына қылшылбыр салып атпен сүйреп өлтірген. Қарсылық көрсеткен көптеген милициягерлер мен коммунистер өлтірілген. Қатты қырғын болған. Никитенка және Поляков дегендер басқарған отрядтар жіберілген. Отрядтар

қайдан жіберілген? Түйелерге зеңбірек байлап Ташкенттен жіберілген. Қызылордадан теміржол арқылы келген. Сонымен бергі жағы Шымкент пен Әулиеатадан да қызыл отрядтар жіберілген. Сөйтіп жаппай жан-жақтан әскер төккен. Көтерілген қарапайым халықта қандай қару болсын. Қалған-құтқан, жатқанды бірдене. Шиті мылтық бірер-саран. Басқа отты қару жоқ. Созаққа келетін шатқалда сұмдық қырғын болған. Жазалаушы отрядтар көтерісшілерді аямай жаншып, талқандап басқаннан кейін Сарысу-Созақтағы халықтың адымын мүлде аштырмады. Кеңестік өкімет органдары халықтың бұл наразылығын басқа да көтерілістер тәрізді «ұлтшыл бандиттердің» әрекеті ретінде бір жақты бағалап, жергілікті жерлерде қуғын-сүргінді өршітіп жіберді. Ал бұл жағдайдың өзі Сарысу мен Созақ аудандарындағы онсызда нашар ахуалды тіптен ауырлатып жіберді. Әулиеатадан 23-наурызда Александровскіге кадрлық дивизионы 27 атқышы, Қазақ ұлттық дивизионының жеңе милиция отряды келіп, жазалау операцияларын бастап кетеді. Сарысудағы көтерілісті ұйымдастырған Жантірешманов, Сараев сынды азаматтар ұсталып, атылады. Жазықсыз жергілікті тұрғындардың көбісі аяусыз жазаланып, халықты қырғынға ұшыратады.

Сарысу-Талас аудандарындағы көтеріліс 1931 жылдың 20-маусымында Қордай ауданында жалғасты. «Архивтік құжаттарда Қордай ауданындағы ұжымдастыруға қарсы құрылған үш «бандалық» топтар туралы деректер бар. Олар Омарбек, Ағбай, Сыпатай. Солардың бірінде Қастеков Оразалы деген азамат белсенді ретінде көрсетіледі.

Байқап қарасақ сол кездегі тергеу құжаттарында көтеріліске қатысқан жергілікті азаматтардың бәріне «бандалық» деген айдар таққан. Әрине, бұл дегеніміз Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекиннің 1929 жылғы «Батпаққара», «Такта көпір» және «Бостандықтағы» ірі көтерілістерден кейінгі шыққан арнайы қаулысынан соң елдегі бүкіл ереуілге тағылған басты айыптауы болатын. Қордай аудандарындағы бандылармен (көтерілісшілермен М.Е.) кеңес органдарының қақтығыстары өте қатты болған. Бұл сол тұстағы ең бір шығыны көп көтерілістердің бірі болып тарихта қалды.

Архивтік құжаттарға сүйеніп сөйлейтін болсақ, Қордайдағы көтерілісшілер Комсомол атындағы колхоздың кеңесіне баса көктеп кіріп, ауылдық кеңес кеңесін өртеген, кооперативтерді талқандап, ондағы тауарларды өзара үлестіріп алған. Мұнан соң олар «Ұмтыл» колхозының малдарын айдап өкеткен.

Бұл «халықтық көтерілістерге» қарсы аудан орталығында арнайы жасақ ұйымдастырылып, 17-18 маусымда және 5 шілдеде наразы топқа қарсы әрекеттер жасалады. №11, 12 және 14-ауылдар маңында арнайы жасақ пен көтерісшілер ашық қақтығысқа түскен. Кейіннен наразы топтың саны бұл жерде 300-ге жуықтап, қарулы қарсылық көрсете бастаған соң, коммунисттік отрядтар атыстан қаймығып, Отар темір жол стансасына қарай шегіне қашқан.

Көтерілісшілер мен жазалаушылар арасындағы келесі ұрыс 1931 жылдың 19 тамызында болған. Доланқара деген жерде 1931 жылы 21 қыркүйекте

болған ұрыста ОГПУ-дің Шу аудандық басқармасының бастығы Нұрғалиев оққа ұшқан. Бұдан кейін жазалаушылардың екпіні күшейіп, 1931 жылы 27 қарашасында Қордай ауданының 12-ауылында көтерілістің белсенді басшысы болған Әрсенов пен серіктерін қолға түсірген.

Жалпы жазалауға келсек, яғни мұрағаттардағы құжаттарға сүйенер болсақ, Қордай ауданында болған көтерілістерге барлығы 250 адам қатысты деген кінәмен тұтқындалған екен.

Қазақстан ОГПУ-нің Ерекше үштігінің 1931 жылы 23 қарашадағы, 1932 жылғы 28 қаңтардағы және 19 ақпандағы қаулыларымен 28 адам ату жазасына кесіліп, 107 адам 1 жылдан 10 жылға дейінгі әртүрлі мерзімдерге еңбек түзету лагерлеріне қамалған. Қазақстанның өз ішіндегі аудандарға 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімдерге 11 адам жер аударылған. Алдын ала тұтқында отыру мерзімі есебінен 22 адам босатылған. 1 адам 3 жыл мерзімге еңбек түзету лагеріне шартты түрде сотталған.

Енді осы тарихи оқиғаларды қорытынды жасар болсақ, 1929-1931 жылдардағы қазақ шаруаларының наразылықтары мен көтерілістері кеңес империясының өктемдігіне қарсы ұлт-азаттық сипаттағы қозғалыс болды деуге толық негіз бар. Жоғарыда біз айтып отырған тарихи деректер тек ұлтымыздың ауыр кезеңдеріндегі бізге анықталған дүниелердің бір шегі ғана. Ал осы оқиғаларға қатысып, жазықсыз, сот-тергеусіз атылып кеткендер қаншама? Олар туралы деректер архив мұрағаттарының ішіндегі сан мыңдаған құжаттардың түкпірінде жатуы әбден мүмкін. Сондай-ақ мұрағаттарда сақталмай қалғандары ел ішіндегі көне-көз қариялардың естерінде қалып, атадан балаға естелік болып сақталып қалғандары да аз емес. Сондықтан тарихшылар мен зерттеушілер ел ішіне әсіесе көне көз карттардың аузына құлақ түріп, материалдарды қағазға түсіріп алып жүргені абзал болар еді. Президентіміз Қ.Ж.Тоқаевтың 2020 жылғы қарбандарын саяси қуғын-сүргін жұрбынағын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып отыр. Осы комиссия аясында біздерге, яғни тарихшылар мен зерттеушілерге өлкетанушыларға осы бағытта аянбай жұмыс жүргізіп, тарихымыздың ашылмай жатқан сырларын ашуға, кешегі кеңес үкіметінің тарапынан озбырлық көрген ата-бабаларымыздың аяншыты тағдырларын жас ұрпаққа жеткізу — азаматтық борышымыз. Осы Мемлекеттік комиссия аясында талай тарихи іс тындыру — сіз бен біздің басты міндетіміз.

Тарихи білімі Талас өзенінде тасыған марқұм Талас Омарбекұлымен болған соңғы сұхбатымыз осылай аяқталды. Қазақ тарихының ауыр кезеңдерін зерттеуге бірінші қадам жасаған, туған халқын құпия қалдырған оқиғаларды алғашқы ғалымдардың бірі болып көпшілікке жеткізген ұстазымызды Жаратқан өз панасына алғай! Жаныңыз жәннатта болғай!

Әңгімелескен
Мадияр ЕРАЛЫҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі
Тараз қаласы

Қазақ прозасына соғыстан кейінгі жылдары келіп қосылған майталман жазушылардың бірі Сафуан Шаймерденов өз шығармаларында адамдық асыл мұраттарды әңгімелеп, ұлттық нақыштағы нағыз адамгершілік жыршысына айналды.

Кейіпкер және адамгершілік мәселесі – әдебиеттегі мәңгілік мәселелердің бірі. Кейіпкер – әдеби-эстетикалық категория болса, адамгершілік – моральдық-этикалық категория. Бұл ұғымдарды бір-бірінен бөліп қараудың жөні жоқ. Өйткені, кейіпкерсіз әдеби шығарма болмайтыны сияқты, кейіпкердің де адамгершілік қасиетінсіз мәні болмас еді» [1, 3 б.].

Сафуан Шаймерденов әдебиет майданына араласа бастағаннан-ақ өз шығармасының тақырыбын адамды зерттеп тануға, оның сан қилы мінез-құлқын, толғаныс-тебіренісін, ұлттық қасиетін, қоғамдық орта мен жеке адамның өзара байланысын, қарым-қатынасын көрсетуге құлаш ұрды. Өз туындыларында кейіпкерлерінің адамшылық болмыс-бітіміне ден қойып, адамгершілік парасат мәселесін шынайы шеберлікпен көтере білді.

Өмірдің түрлі жағдайларынан көркем шығармаға өзек болатындай тақырыптар мен характерлерді, сан-алуан бейнелерді алып, оны ұлттық тұрғыда оқырманға тұтас күйінде, етек-жеңі шымыр шығарма етіп ұсыну – жазушының басты міндеті. Әдетте, шығармаларындағы сөз қолданыстарынан, кейіпкерінің іс-әрекеті, бітім-болмысынан оны жазған автордың жеке басының сипатын аңғаруға болады. «Меніңше, көркем шығармада жалғыз ғана кейіпкер бар, ол – жазушының өзі, яғни оның айтайын, уағыздайын деген ойын аркалап жүрген кейіпкер» [2, 69-73 бб.], – деп Оралхан Бөкеев айтқандай, шығармасын оқу арқылы автордың өз характеріне де баға беруге мүмкіндік бар деген сөз.

Ендеше, өз туындыларында адамгершілік асыл мұраттарды жыр етіп, адамдық қасиет пен моральдық болмысты уағыздайтын Сафуан Шаймерденовтің өзі де осы бір абзал қасиеттерді бойына жинаған адам екені анық. «Көркем әдебиеттегі басты тұлға – суреткер. Сондықтан қандай да бір әдеби шығарма, құбылыс жайлы әңгіме еткенде, оның авторына соқпай өту қиын. Әдебиет туралы пікір білдіру – белгілі бір дәрежеде жазушы жайлы да әңгімелеу» [3, 142-145 б.б.].

Повестеріндегі Қарғаш, Лезбай, Бағдан мен Әспет, Сапар – осылардың қай-қайсысын алсақ та, жазушының өз замандастарының мұны мен қуанышын шынайы суреттеуге тер төккені көрініп тұр. Сафуан Шаймерденов өз кейіпкерлерінің іс-әрекетінен гөрі ішкі әлеміне, жан дүниесіне көбірек үніледі. Олардың жан тазалығы, сезімтал сергектігі, жақсылыққа жаны құштар екендігі бірден-ақ көзге ұрып, сүйсінтпей қалмайды. Повесть авторы әлеуметтік шындықтың, адам өмірінің драмалық тартысқа толы тұсын, оқыс өзгеріске ұшыраған кезеңін жеке-дара түрінде алып бейнелеуге өте бейім тұрады; адам тағдыры калайда ұрымтал тұстан танылатындай, қоғамдық құбылыстар қалайда айқын ашылатындай оқшау оқиғаларды, басты мәселелерді шапшаңырақ суреттеуге құлшына ұмтылады, бір ғана проблеманы, жалғыз тақырыпты баса бейнелеуге барынша күш салады. Автор әуел бастан-ақ алдына сондай мақсат-мұрат қоятындықтан, повесте тіпті кейде жалғыз емес, әлденеше проблема қатар көтеріліп, соған орай



Өмір шындығы өнер өзегі екені рас, бірақ ол қаймағы бұзылмаған қаз-қалпында көркемдік шындыққа айнала бермейді. Жазушы өмірдің шындығын реализмнің негізгі заңы – типтендіру принциптеріне сәйкес көркем шындыққа айналдырудың көркемдік тәсілін жақсы білуі керек.

Типтендірілген көркем шындық, яғни реалистік шығарма – өмірде болмаған немесе болуы мүмкін беймәлім жағдайлар мен бейтаныс характерлерді нақты өмір шындығындағы таныс оқиғалар мен белгілі адамдардан әлдеқайда әсерлі әрі нанымды көрсету деген сөз. Өйткені көркем шығарма – өмір шындығының нақты көшірме көрінісі емес, қайта көркем шындық өмір шындығының типтендірілген концептуалдық көрінісі. Көркем шығармадағы таныс-бейтаныс характерлер өмірдегі беймәлім жағдайлар мен құбылыстар туралы жазушы жауабы.

Жазушы Сафуан Шаймерденов өз кейіпкерлерінің ұлттық әлемін аша отырып, кейіпкерінің өсу, толысу жолын, оның іштей ширғып, шынығуын, қиындық, кедергілерді жеңу үстінде кейде тіпті сүріңсе де, өмірден түңілмей жүріп есейетін ұлттық мінезін ерекше ынтамен бейнелейді. Шығармадағы кейіпкер іс-әрекетінің сипаты да оның өскен ортасына, бастан кешкен жағдайына берік байланысты екендігін көркемдік жағынан дәйекті түрде дәлелдейді.

Жазушының асыл парызының өзі – өмірдегі жат қылықтарды әшкерелеп, адам жанының рухани байлығын арттыруға көмектесу, моральдық қарашығындай қорғауға үндеу. Оның әрбір жазған туындысы дүниенің астаң-кестеңі шығып, заман толқындарының жалында өтіп жатқан әлеуметтік, саяси өмірдегі ұлы өзгерістер мен жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас, қайшылықтарға, сөніп жатқан, өніп жатқан жаңа тіршілік-тағдырлардың қақтығысына арналған.

шарттарды үлкен творчестволықпен игеру – борыш. Сондықтан кең ойлап, мол пішетін және өмірлік ой қорытындыларын екшейтін талант қашан да қажет. Нағыз жазушы ғана замандас бейнесін жан-жақты, толыққанды бейнелей алады.

Көркем әдебиеттің нысана-сы, түптеп келгенде, адамды гуманизмге тәрбиелеу, ішкі жан дүниесін байыту, арам пиғылдан, озбыр ойлардан жаңарту, тазарту дейтін болсақ, Сафуан Шаймерденов шығармаларында бұл айтылғандардың үнемі оқырман ойымен үндес шығып отырғанын айтуға болады. Өмірдің қандай тосын жағдайларында да адамдық болмысын сақтай білген адал жандар Қарғаш, Лезбайлардың тағдыры оқырманын көп ойларға жетелері анық. Бір-біріміздің жүрек түкпірімізге үніле қарап, бір-бірімізді терең түсіне білуге ұмтылдыратын туындылар адамдар

сақтап өскен адамның қыр баласы екені бірден танылады. Мұнда жазушы көшпелі қазақтың революцияға дайындықсыз келіп, оны қабылдаудың қиындыққа түскенін бүкпесіз аңғартады.

Сафуан Шаймерденов шығармаларында адамдар арасындағы тартыс та, кейіпкерлердің жан-дүниелеріндегі қайшылықтар да, сезім иірімдері де адамгершілікті насихаттауға құрылған. Автор повестерінің жазушының өз жүрегімен сезінген өмірлік құбылыстардан бастау алғаны сөзсіз.

Кейіпкерлерін осылайша өмірдің түрлі ситуацияларында көрсетіп, оларды адамгершілік пен ар безбеніне салып, ішкі сырларын психологиялық тереңдікпен суреттеген шығармаларының қай-қайсысын да сәтті туындылар қатарына жатқызамыз. Әрқашан адамгершіліктің биік мұраттарын жырлап, өз замандастарының жан

Сафуан ӘНГІМЕСІНДЕГІ

әлденеше сюжет қатар дамығанның өзінде де, олардың бәрінен емес, тек біреуінен ғана көркемдік қорытынды шығарылады. Адам мен қоғам қарым-қатынастарының осындай диалектикалық байланыстары шығармада шынайы суреттелсе, яғни кейіпкер тағдыры өзі өмір сүрген ортадан оқшауланбай, қайта сол заманның нақтылы тарихи жағдайларымен, елеулі-елеулі қоғамдық құбылыстарымен берік байланыста бейнеленсе, онда туындының әлеуметтік салмағы айтарлықтай артып, идеялық-эстетикалық сапасы да жоғары болады.

Әдебиетте замандастың рухани әлемін, характерін бейнелеудің көркемдік әдіс-тәсілдері жетіп артылады. Образ сомдақ жолдарды жанрға тән көркемдік шарттардың үйлесімі мұндайда көп рөл атқарады. «Замандас тұлғасы!.. Өз дәуірінің үні болып табылатын жазушы атаулының ең абзал, ең асыл мұрасы – осы» [4, 265 б.].

Замандастың жан дүниесін, ой сезімі мен арман мүддесін, іс-әрекетін, характерін жазушы қалай көрсетеді? Мұның мәні терең. Гуманистік, адамгершілік қасиеттерден бастау алған адамның ұлттық дүниетанымы, сана-сезімі, азаматтық позициясы, міне, бүгінгі замандастың ұлттық мінез-құлқын айқындайтын факторлар осылар.

Өмірде жақсы адамдар көп екеніне сөз жоқ. Тек олардың адамгершілік қасиеттерін терең суреткерлікпен аша білу керек. Айналып келгенде, адам факторының шешуші мәнін табу қажет. Рас, олар ел игілігін жасап жүр, тер төгіп жүр. Бірақ өмірдің натуралдық көшірмесін жазудан шынайы көркем шығарма тумайды. Халық өкілдері қаламгер үшін таптырмайтын объект болуға тиіс. Ал оны жинақтау, типтендіру, даралау сияқты көркемдік-поэтикалық

арасындағы күрделі қайшылықтар мен байланыстардың сырын шынайы ашып көрсетеді. Адамдық парыз, рухани борыш дегенге мән бермейтін дүниеқұмар, тоғышар Шәмшігүл («Өмір нұры») мен Шәрбандардың («Селдің екпіні») қазір де ортамызда жүргенін ескерсек, аталған туындылардың бүгінгі күн тұрғысынан алғанда да өзектілігін жоймайтыны анық.

Жалпы, Сафуан Шаймерденов повестері айтпақ ойымен де, жазылу мәнерімен де, характер ашу ерекшелігімен де, әрі нәзік, әрі сыршыл лиризммен де құнды. Шығармаларындағы рухани өмір шындығы, шынайы мінез, талғампаздық пен сезімталдық оқырманын ой әлемі кең, жан сезімі бай адам болуға жетелейтіні сөзсіз.

Сафуан кейіпкерлері жасанды бейнелер емес, оларда динамика бар, олар адамның нақ өзі, өкініш-қайғысы, күйініші, қуануы, күлуі – бәрі де табиғи. Бәрі адамды шыншылдығымен баурап алады. Оқырман қаламгердің повестерін оқып отырып, адам жанының сыршыл пернелерін дөп басатын шеберлігіне, парасаттылығына, «осы айтқаным мынадан қуаттырақ, пәрмендірек, эмоциялық әсері молырақ» дегендей оқырманға ықпал ететін штрих, әдіс-тәсілдерді таба білетін көрегендігі мен тапқырлығына тәнті болады.

«Жыл құсы» повесінде даланың еркін өскен ұлы Битабардың бейнесін мейлінше шынайы өрнектеген. Өмір ауылдағы қатынастарды ыдыратып, елдің бәрін қалаға, өндіріс ошақтарына қуа бастаған тұста өндіріске жұмысқа барған Битабар өз танымынан жат ортаға көндіге алмай, ауылына қайтады. Кең далада еркін өсіп, күші мен қолына сенген ол ешкімге тәуелді болуды қаламайды. Өз ортасының олпы-солпысын, бірбеткей доғалдығын

сұлулығын, рухани байлығын суреттеу тек қана азаматтық позициясы айқын, мәдениетті де сарабал, талғампаз жазушының қолынан келетіндігі дау туғызбайды.

Кезінде сыншы Сағат Әшімбаев адамгершілік тақырыбына әр жанрда жазылып, әр жылдарда жарық көрген бірнеше үлкенді-кішілі шығармаларды идеялық, көркемдік тұрғыдан зерттей келіп: «Бұл шығармаларды оқып отырғанда ондағы адал ниетті, ақшаңқан сезімді, ақжарқын жүзді, парасат пайымы терең, адамға жақсылық жасауға тырысып жүретін замандастың образ-характерлеріне сүйсіне отырып, сырттай қарағанда «сен тимесен мен тимен» – жылмиған жып-жылмағай мінезі, қоп-қоңыр момын тіршілігі бар, ал іштей үніле түссенің сөзінен де, көзінен де арамдықтың күліміс іісі шығатын, дүние-мүліктің басыбайлы құлына айналған, қоғам дамуына кесір-кесапатынан басқа мысқалдай да пайда жоқ, «тұйық шарбаққа» камалған рухани жарымжан эгоист тоғышар жандардың түр-тұрпатын, кескін-келбетін көріп жүрегіңіз айнады, шығарманың қайнады» [5, 476 б.], – деп жазып еді.

Сафуан Шаймерденовтің «Ит ашуы» повесінде король догі мен баракы жүнді маңғұл овчаркасынан будандастырылып алынған ақ тұмсық Марғау өмірін баяндағанда, тектілігі, өмірге бейімділігі, сезімталдығы, жанын қияр адалдығы, сенгіштігі жағынан ит баласы деуге аузың бармайтын біраз сәтті штрихтар тапқан. Марғаудың басынан өткенін бейнелей отырып, сол тап болған ортаның шындығын айтуды мақсат етіп қойған. Кейбір замандас бойында кездесетін мансапқорлық, екіжүзділік тәрізді айқайлап көрінбегенімен, ара тұра бас көрсетіп қалатын әрекеттерді әшкерелейді. Повестің

экспозициясында-ақ еңбек адамы, момын Лезбайдың асын ішіп, аяғына түкіріп, намысын таптаған ферма менгерушісі Қарғабек әрекеті сенеледі.

Шебер өрілген фабула арқылы автор шопан Лезбайдың басына түскен тауқымет сырын, Қарғабек секілді кейбір арам ниетті адамдардың іс-әрекетін, мінез-құлқын қазбалап ашып беруді максат еткен.

Жазушы нысанасын ескерсек, Лезбай мен Қарғабек секілді қарама-қарсы екі образдың қақтығысынан туған әрекетті суреттеу авторға өмір құбылыстарындағы кейбір қайшылықтарды оқушыға қолмен ұстатып, түстеп танырлықтай айқын, бояуын қанық етіп, өз ойларын, толғамдарын едәуір жақынырақ жеткізуіне мүмкіндік берген. Повестің көркемдік-идеялық мәнінің өзі осыдан шығады. Контрасты екі тұлғаны суреттеу авторға өмір қайшылығын өткірірек суреттеуіне қызмет еткен. Оқушының саралауына, салмақтап салыстыруына қолайлы жағдай жасаған.

Кейіпкерлер басындағы адамгершілік асыл қасиеттерді, гуманизмді көрсету идеясы жағынан автор алдына қойған мақсатына жеткен сияқты. Адал қырғыз дос Сәршеннің, Лезбайдың өз басында да тазалық, мейірімділік барынша мол көрінеді. Әке жолын қуған балалары да түзу, дұрыс тәрбиемен

Кейбіреудің тойымсыз құлқыны ұшырататын бақытсыздық сырын баяндай отырып, күлкі шұғылсымен бездерлеп, тайлаңша сырты түзу азаматтардың дүниеқорлықтың құлақкесті құлына айналу себебіне сендіреді және адасқан адамның бойында адамшылық сәулесі жоғалмаса, ол келе-келе беті бері қарайтынына мензейтін шешім ұсынады.

Үлкен моральдық тақырыпқа жазылған бұл туындының кейіпкерлері Жантуар мен оның әйелі Шәмшігүл – ғылым жолында жүрген адамдар. Бір жобалау институтында бөлім бастығы болып істейтін Жантуар мен жоғары оқу орнында сабақ беретін, ғылым кандидаты Шәмшігүл табаны күректей он екі жылды әй-шәйсіз өткізген, бір-бірінің айтатын дегенін қабақ қағыстан білетін, бір-біріне қатты сөз айтып көрмеген тату жандар, табыстары да мол. Олардың қоршаған ортасы: қызметтестері де, жора-жолдастары да – ешбір замандастарынан қалмай келе жатқандар. Осындай ұйыған өмірдің барлық уақытта қуаныштан ғана тұрмайтынына шығармамен таныса келе көз жеткіземіз. Өзіміздік пен дүниеқорлық Шәмшігүл образы арқылы шымыр да шынайы көрсетіледі.

Дүниеқорлық пен тоғышарлықтың шырмауына түсіп кеткен Шәмшігүл образы – типтік

Смағұл ЕЛУБАЙ

САФУАН АҒАМА БАС ИЕМІН!

1989 жылдың наурыз айы. Колбин басқарған Қазақстан Компартиясының Бюросы Қазақстанда орыс және қазақ тілдеріне мемлекеттік тіл мәртебесін беру жөнінде шешімге келгені естідік. Бұл – біздің төбе башымызды тік тұрғызды. Дереве Мұхтар Шахановтың кабинетіне жиналып, бұған қарсы қандай шара қолдану қажеттігін ақылдастық. Алдымен болғалы жатқан Қазақстан Жазушылар одағының пленумында қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру туралы мәселе көтеру керек деп шештік. Бұл туралы мінбеде кім сойлеу керек?

Ақылдаса келе, Қазақстанның Халық жазушысы Сафуан Шаймерденовке тоқтадық.

Ол кісі сөзге келмей, келісімін берді. Сөйтіп, қазақ тілінің Қазақ еліндегі мүшкіл жайы туралы келелі сөз сөйледі. Сондай-ақ қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру жайында да айтты. Зал толы Қазақстан жазушылары бұл ұсынысты ду қол соғып қолдап, орындарынан тұрып кетті. Ол кезде «Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беру керек» деген сөз тосын жаңалықтай қабылданатын.

Міне, осы пленумынан кейін

Сафуан аға екеуміздің жұбымыз жазылмайтын болды. «Колбиннің солақай шешіміне қалай тосқауыл қою керек, оған қалай қарсы күресеміз» деген мәселе төңірегінде ақылдастық. Сөйтіп, республикадағы күллі зиялы қауымның жетекшілері қол қойған мәлімдеме жасауымыз қажет деген тоқтамға келдік. Ол мәлімдемені екі тілде дайындап, Сафуан аға екеумізге Қазақстандағы әртүрлі ұлт өкілдерінің мүйізі қарағайдай жетекшілерін жағалап, олардың емен есіктерін ашуға тура келді.

Бір қызығы, «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болуы керек» деген хатқа атағы дардай біраз зиялысымақ жетекшілер шошына қарады. Тіпті, кейбіреулері бізбен кездесуден ат-тонын ала қашты. Бірақ бізді қазақтың марқасқа азаматтары қолдап, хатқа қол қойды. Нәтижесінде, сан ұлттық өкілінен құралған 100 адамның қолын жинадық. Оған бір ай уақытымызды сарп еттік. Сол кезде бізге «Болмайтын істі қолға алған Дон Кихот пен Санчо Панса» деп күлгендер де болды. Қалай болғанда да, қазақ тілінің мәртебесін ұстап, тастамай бір адам бас көтеруі керек еді. Міне, сол адам Сафуан ағамыз болды. Сол үшін мен ол кісінің алдында бас иемін.

Себебі ол кезде «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болады» дегенге қазақтың өзі сенбейтін. Қысқасы, біздің дайындаған мәлімдемеміз

«Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды. Ұмытпасам, содан бір күн бұрын Колбин қызметінен алынып, оның орнына Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалды. Жұма күні газетті қолына алған ұлтымыздың аяулы азаматы Өзбекәлі Жәнібеков қабылдауында отырған киногерлерге: «Сіздер не бітіріп жүрсіздер? Міне, жазушылар үлкен іс тындырып отыр», – деп «Қазақ әдебиеті» газетіне жоғары көтеріп, ерекше рухтаныпты. Оны бізге сол киногерлердің өзі айтты. Естуіміше, сол мәлімдемені марқұм Өзбекәлі Жәнібеков Нұрсұлтан Әбішұлына тапсырыпты. Сонда Нұраған: «Егер халық сұрап жатса, беру қажет», – депті сөзге келмей. Міне, сөйтіп, біздің бастамамыз ел басшыларынан қолдау тапты.

Негізі, Сафуан ағамыздың бойында батылдық қасиет болатын. Колбиннің қылығынан қан тамып тұрған кезде, оның шешіміне қарсы тұру үлкен батырлық деп бағалауымыз қажет.

К примеру, в министерстве культуры создана госкомиссия по памятникам. В ее состав входят 4-5 специалистов, но они в большинстве остаются при голосовании. Там может быть акын, импровизатор айтыскер, какой-нибудь бывший депутат, музыкант и писатель. Они все хорошие люди, но они же не специалисты в художественной сфере. В этом проблема.

– Казахстанские художники считают, что необходимо проведение аукционов, где они могли бы продать свои произведения за рубежом. Вы с этим согласны?

– Это больше надежда, иллюзия, чтобы был арт-рынок, должны быть люди, которые могли бы купить эти работы. Они есть, но большинство желяют остаться в тени, потому что у нас для меценатов или людей, которые поддерживают искусство, нет льгот. Искусство в любом государстве не приносит сиюминутный доход. Мы можем организовать аукцион, но кто придет на него? На пальцах одной руки можно посчитать людей, которые собирают коллекции и покупают картины.

В других государствах, если человек помогает изобразительному искусству или любой другой сфере культуры, то ему дают налоговые послабления. На Западе есть закон о меценатстве, поэтому меценаты с удовольствием вкладывают деньги и получают от этого дивиденды в своем бизнесе. Надо сделать послабления бизнесменам, которые

помогали художникам, в целом менять законодательство в области культуры об общественных объединениях. Должен быть закон о меценатстве и спонсорах. По предложению Союза художников в 2020 г., министр культуры и спорта РК Актоты Раимкулова приняла нашу идею и при министерстве был открыт фонд поддержки творческих союзов.

– Что на ваш взгляд нужно внести закон о культуре?

– Сравните наш закон о культуре с законами Узбекистана или Беларуси. Художник, который всю жизнь был предан своему делу и работал, достигая пенсионного возраста, идет на пенсию по минималке. Сегодня он работает в мастерской, создает, возможно, шедевры, но эти работы никто не покупает, ни музей, ни какие-либо организации. Отсутствует система государственных заказов. Почему нельзя оценивать творческий труд? Обязательно надо быть учителем, дворником, охранником, чтобы пенсия была больше. Это проблема. Нужно понять, что картины, скульптуры, которые приобретал бы музей или фонд, имеют не только художественную ценность, но и материальную. Во время Великой Отечественной войны, когда еще не открылся второй фронт, Сталин продал 5-6 картин западноевропейских художников. За это он получал эшелоны продуктов, танков, машин, боеприпасов. Картины имели свою материальную ценность, выраженную в культурно-исторической значимости. Почему сейчас, когда в банке вы хотите взять кредит, то в залог отдаете недвижимость либо машину? Должно быть так, чтобы я мог дать в залог кредита авторскую картину. Мы должны дойти до такого уровня.

– Вы поднимали проблемы художников, писали письма, ждали ответа. Есть ли сдвиги?

– Я делал доклад 10 июня 2021 г. перед депутатами Мажилиса. В своем докладе я говорил о том, что надо вернуть в начальные и

средние классы предметы рисования, пения. Когда я учился в школе, у нашего поколения были эти предметы. Каждый в чем-то раскрывался и делал что-то лучше: мастерил, рисовал, пел. Это и есть приобщение ребенка к искусству, так он открывает в себе какие-то таланты. Я сравниваю: Шокан Валиханов, Александр Пушкин учились в гимназиях рисовать, петь, танцевать, владеть языками. Любой всесторонне развитый человек должен немного петь, танцевать, говорить на другом языке и рисовать. Это нормально. Раньше, в 1920-30-х гг., если кто-то умел писать, это считалось великим талантом. Сейчас разве можно удивить кого-то средним или высшим образованием, или знанием двух языков? Процесс идет, планка культурного и образованного человека повышается – это показатель в какой-то мере состояния народа и государства. Чем больше у нас появится всесторонне развитых, культурных людей, тем меньше будет всяких произшествий. Будет цивилизованное правовое государство. Культурный человек не будет делать гадости. Знаний достаточно, культуры нам не хватает. Проблема в том, что наша страна – единственная на постсоветском пространстве, где нет академии художеств, откуда выпускались бы художники. У нас есть Академия Жургенова в Алматы и Университет искусств в Нур-Султане, но у них на первых ролях артисты или музыканты. Художники принимаются в вузах по остаточному принципу. Должна быть отдельная академия художеств со своей программой обучения.

Наш первый художник Абылхан Кастеев не получил специального художественного образования. Первые художники казахи, которые учились в Москве, Ленинграде, это Тельжанов, Мамбеев, Калимов и др. Рассвет их творчества приходится на 1950-е. Нашему классическому изобразительному искусству со-

всем немного лет. Раньше в СССР можно было поехать в лучшие вузы, были какие-то квоты по республикам. Сейчас это платно и проблемно. Не все талантливые ребята могут позволить себе учиться за границей. Тем более образование художника – это большие затраты на материалы. Зайдите в любой магазин: сколько стоят краски? Холст стоит как квартира. Плюс нужно платить за квартиру, питаться, одеваться. Больше расходов для получения образования. В свое время я удивлялся, почему медики, военные и художники учились дольше всех. В училище четыре года, в институте пять лет и академия шесть лет. То есть, полноценные десять лет необходимо было учиться, чтобы получить профессиональное художественное образование. У нас молодой художник считается до 40 лет, в советское время до 36 лет. Потому что его знание, опыт, мастерство сформировываются примерно к этим годам, и у него уже получается что-то творить. Есть исключения, как и в любой сфере.

Музеи в советский период активно формировали свои фонды. Прекрасная коллекция советского периода представлена в Государственном музее искусств им. А.Кастеева. Это настоящая национальная сокровищница. В период Независимости систематическое формирование коллекции не проводилось, а в последние годы финансирование на эти цели не выделялось. Фонды нового времени – это подарки от художников. Вместо оплаты за выставку дарят свои картины, а часто и то и другое. В советский период республиканская выставка, которую представлял СХ, проходила ежегодно. Она проводилась в четырех местах: в музее Кастеева, выставочном зале СХ, дирекции художественных выставок и в других местах. Сейчас мы довольствуемся небольшой площадью в музее Кастеева, на которой невозможно полностью развернуть серьезную экспозицию. Все выставки посещала специальная закупочная комиссия, отбирала работы для пополнения коллекции музея. В министерстве культуры существовала система договоров с художниками. Делались заказы на определенные работы в разных видах и жанрах, эскизы которых утверждались выставками, ими же работа принималась после окончания. В последний раз приобретение в музей было в 2005 г., но я могу ошибаться. Министерство культуры выделило музею Кастеева на закуп произведения 500 тысяч тенге. Смешно.

– Какие возможности есть у молодых казахстанских художников?

– Я около 20 лет преподавал в Академии Жургенова и заметил тенденцию, что на чисто мужские специальности: скульптура, монументальная живопись, сейчас идут в основном девочки. В одной группе есть всего один мальчик-монументалист. Это говорит не только о том, что специальность стала привлекать талантливых девчунок, просто ребята не идут в искусство, потому что профессия художника или скульптора завтра не даст им возможности содержать семью. Это большая проблема. Нет никаких условий для дальнейшей деятельности – отсутствуют заказы, нет места для работы – мастерской.

Өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның дамуына белсенді түрде атсалысу еліміздің әрбір азаматының парызы мен міндеті. Азаматтық қоғам дамығанда ғана адамдарымыздың тұрмысы жақсарып, мемлекеттің іргесі нығая түседі. Азаматтық қоғам мен мемлекет бір-бірімен ажырамас біртұтас ұғым, оларды екі бөлек, жеке-дара қарауға болмайды. Елімізде азаматтық қоғамды дамыту жан-жақты қарастырылып келеді. Бұл мәселе «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында» жан-жақты көрсетілген. Аталмыш құжатта қоғамдық ұйымдардың қызметін ұлғайту және азаматтық қоғам институттарының ролін арттыру қажеттігіне баса мән берілген. «Біз елімізде азаматтық белсенділікті жандандыруымыз керек. Мемлекет пен қоғамның саналы әрі сындарлы серіктестігіне жол ашуымыз қажет» – деген болатын мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында.



БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

Алдымен азаматтық қоғамды құрайтын, қалыптастыратын – еліміздің тұрғындары, белсенді азаматтары, яғни сіз бен біз екенімізді ұмытпауымыз керек. Еліміздің әр азаматы еркін ойлы, өз ұстанымы бар, білімді, белсенді болғанда ғана ортақ Отанымыздың болашағы жарқын, мемлекетіміз қуатты болады. Біздің елде қоғамның дамуы мен нығайтуына тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап-ақ көңіл бөліне бастады. Оны дамытудың қазақстандық өзіне тән, белгілі бір деңгейдегі үлгісі қалыптасты деуге де болады. Дұрыс бағыт-бағдар беріліп, мүмкіндік жасалса, мемлекет тарапынан қолдау білдірілсе белсенді азаматтарымыздың игі бастамалары қоғамның дамуына мол үлес қосады. Елімізде қалыптасқан осындай жағдайдың арқасында түрлі қоғамдық ұйымдар пайда болып, халыққа қызмет ете бастады. Күнделікті тұрмысымызды кездесетін үйтіктердің бірсыңары қоғамдық ұйымдардың араласуымен шешілетін болды. Мемлекеттік органдар тұрғындардың жағдайын көтеру үшін атқарылатын қызметтердің сапасын жақсартып, әр бастаманы халықпен, қоғаммен келісе отырып іске асыруға күш жұмсап келеді. Бірақ мемлекеттік органдар қоғамның барлық топтарын түгелдей қамти алмайды. Сондықтан қоғамдық ұйымдардың көмегі аса қажет. Соңғы жылдары үкіметтік емес ұйымдардың қатары артуы мемлекеттегі азаматтық қоғамның күшейе бастағанының, белсенді азаматтардың қатары арта түскендігінің белгісі деп түсінуіміз керек. Бұны билік пен қоғам арасындағы диалогтың дұрыс жолға қойылғандығы деп те бағалауға болады.

Халықымызда «Отан отбасынан басталады» деген қалыптасқан ұлағатты ұғым бар. Отбасы – кез келген адам өмірінің ең маңызды бір бөлігі. Оны белгілі бір әлеуметтік институт десек те болады. Тәрбиенің негізі жанұядан бастау алады. Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда, соны ілерсін», «Ата көрген, оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген өмірлік тәжірибеден алынған мақал-мәтелдер бар. Осы жағынан алғанда бар мәселе отбасынан басталатынын ұғуға болады. Ұлт

болашағында отбасы үлкен маңызға ие. Отбасы – адам баласының өсіп-өнер, қанат жайып түлеп ұшатын алтын ұясы ғана емес, отбасы – мемлекеттің іргетасы. Олай болса әрбір отбасының бақытты болуы – жарқын болашақтың кепілі.

Бүгінгі күні кең қанат жайған «Бақытты отбасын» жалпыұлттық бағдарлама десек қателеспейміз. Бұл бағдарлама 2019 жылдан бастап республикамыздың барлық аймақтарын қамтыған. Оның негізгі мақсаты – көпбалалы аналарға, тұрмысы төмен отбасыларына әлеуметтік-тұрмыстық

терапия, гимнастика, математика және логика, шахмат, ағылшын, тоқу, логопед қызметі) курстары тегін түрде өткізіледі. Сондай ұйымдардың бірі – Алматы қаласы Алатау ауданындағы Ақмарал Басирова жетекшілік ететін «Бақытты отбасы» қоғамдық қоры. Ақмарал Басирова қоғам белсендісі ретінде елімізге жақсы танымал, бірқатар қоғамдық ұйымдардың мүшесі. Ана мен бала құқығын қорғау жөнінде өз пікірін ашық айтып, сол бағытта нәтижелі жұмыс атқарып жүрген көпбалалы ана. Кезінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау

құқығын қорғайтын «Ақ алем» қоғамдық қорын құрды. Одан кейін Алматы қаласында «Бақытты отбасы» орталықтары ашыла бастағанды.

Ұйым мүшелерінің барлығына дерлігі көпбалалы аналар. Оларды ұрпақтар деген отақ ниеттері тәрбиелеуге деген ортақ ниеттері топтастырған. Баланың дені сау, білімді болып өсуі үшін лайықты өмір сүретін жағдай болуы шарт. Бүгінгі қатаң нарық жағдайында отбасын асыраудың өзі оңай емес. Азық-түліктің, өзге де күнделікті тұтынатын тауарлардың әлсіз-әлсіз қымбаттауы, қаржы тапшылығы өсіресе көпбалалы отбасыларына қатты әсер ететіні белгілі. Тұрмыс тауқыметімен бірігіп, ұйым болып күресу, өзгелерге қол ұшын беру тек ізгі ниетті адамдардың ғана қолынан келеді. Ұжымда жылдар бойы көпшілікке қызмет етіп жүрген Асанхан Мендіқайырқызы, Гүлзат Асанхан секілді белсенді аналар бар.

Алғашқы жылдары санаулы ғана мүшесі бар ұйым уақыт өте келе өз қатарына белсенді аналарды тартып, тәжірибе жинақтап жұмыс ауқымын кеңейте түсті. Орталықта өмірдің қаншама қиындығын бастан өткерген белсенді аналар еңбек етеді. Сондықтан да ұжым қызметкерлері орталыққа келетін әр әйелдің жанайқайын жақсы түсінеді. Алатау ауданы қаладағы жаңадан құрылғандардың қатарында. Оның құрамына бұрынғы облыс аумағында болған елді мекендер кірген. Сол себепті қала орталығына қарағанда ауданда тұрмысы төмен отбасылар жиірек кездеседі. Көмек алуға сұраныс білдірген халықтың саны да өзге аудандарға қарағанда көп. Олардың бәрін бірден қамту мүмкін болмаса да қоғамдық қор сол алғашқы 2019 жылда Алатау ауданы бойынша 78 көпбалалы аналарға көмек сертификаттарын тапсырды. Оның ішінде азық-түлік алуға 29 және киім-кешек алуға 49 сертификат берілді. Бастапқы кезең үшін бұл жақсы нәтиже еді.

Орталықта әйелдерге арналған ондаған курстар ұйымдастырылған. Онда көпбалалы аналар түрлі мамандықты игереді. Оқу кезінде аналардың кішкентай сәбилерін

қарайтын тәрбиешілер жұмыс істейді. Бұл аналардың алаңсыз оқуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, әйелдерге бизнес негіздерін үйретіп, аналарды жұмыспен қамтуға арналған «Іскер ана» бағдарламасы да жемісті жұмыс істеп келеді. Бұл бағдарлама аясында қаншама әйелдер өз кәсібін бастап, күнкөріс қамын жасап жүр. «Іскер ана» бағдарламасы бойынша кәсіп бастау үшін 34 әйел 5 млн. теңгенің грантына ие болды. 860 әйел 555 000 теңгенің грант алды. Соларды ары қарай жүзеге асырып, әйелдердің өз бетінше табыс табуына, кәсіптерінің алға басуына әрі жасап жатқан заттарының сатылуы мен тендерге қатысуына көмектескен «Anadan-qasiet» ассоциациясы құрылған болатын.

Алғашқы күннен-ақ қарқын алған қоғамдық жұмыс бір де



жағынан көмектесу. Орталықтарда көпбалалы және аз қамтылған отбасылар мамандардың кеңестерін тегін түрде ала алады. Мысалы, тұрғын үй, жер қатынастары, АӘК тіркеу, түрлі қажет құжаттарды қалпына келтіру, алименттерді төлетуге ықпалету, психологтардың балаларды тәрбиелеу, тренингтер өткізу, қиын өмірлік жағдайдан шығу, отбасы ішіндегі жанжалдарды шешу сияқты көмектер көрсетіледі. Аналарды түрлі мамандықтарға үйретіп, соған сәйкес сертификаттар беріледі және мүмкіндігінше жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі. «Бақытты Отбасы» орталықтарында ағылшын тілін үйрену, визаж, массаж, шаштиара, пішу және тігу, гимнастика, аспаздық, тоқыма, компьютерлік біліктілік және тағы басқа курстар, түрлі бағыттар бойынша балаларға арналған үйірмелер (арт-

вице-министрдің қабылдауында болып, кездесу барысында бүгінгі аналардың басындағы проблемаларды ашық айтып, сенбесе елді арлауға шақырған батылдығы бар. Алматы қаласының сол кездегі әкімі Бауыржан Байбекке аналарға қалай нақты көмектесу керектігі туралы өз жобасын да ұсынған болатын. «Жобанызды жүзеге асыруға Сізге не керек?» деп сұраған әкімге: «Бізге кез келген ана кез келген жағдайда балаларын ертіп келе алатындай орталық керек. Онда психологиялық, құқықтық, әлеуметтік көмек көрсетілуі қажет. Аналар мәселелерін айтып, көмектеріңізге жүгінгенде келген сауалының шешімін тауып кетуі тиіс» деген ұсыныс айтқан. Түрлі кедергілер мен қиындықтарды өткізіп, озық ой мен батылдығының арқасында, әкімшілік қолдауымен аналар

бәсеңдеген жоқ. Керісінше жылдан жылға табысты жалғасып келеді. Қазіргі кезде қорда 12479 көпбалалы аналар мен тұрмысы төмен отбасылар тіркелген. Оларға 5749 заңдық кеңес, әлеуметтік көмек секілді түрлі қызметтер көрсетілді. Бұл бір ғана қоғамдық қор үшін аз көрсеткіш емес. Биылдың өзінде жыл басынан бері 153 адам түрлі мамандықтарды игеріп, сертификаттарды иеленді. Оның қатарында 65 адам тұрақты жұмысқа орналастырылып, тұрмыстық жағдайын түзеуге мүмкіндік алды. Орталықтың ұйымдастыруымен 11 тренинг, 2 конкурс өткізілді. Сонымен бірге аса мұқтаж отбасыларға 60 азық-түлік себеттері мен 54 киім-кешек тауарлар табысталды.

Қор өзінің негізгі жұмысында «Балық берме, қармақ бер» деген принципті ұстанады. Дегенмен, отбасының төмен тұрмыстық жағдайына орай тұрмыс әлеуметтік көмекке де жүгінуге тура келеді. Ол үшін түрлі демеушілермен тығыз байланыс орнатып, кәсіпкерлерді мейірімдік танытуға шақырады. Мысалы, Алматыдағы «Апорт» ірі сауда орталығы солардың бірі. Сауда орталығы көпбалалы және тұрмысы төмен отбасы мүшелеріне 50 пайыз, одан төмен бағамен киім-кешек, басқа да тұрмыстық заттарды береді. Бұдан басқа кәсіпкерлер өз қолғабыстарын тигізеді. Бірақ мейірімділікке, өзгенің демеушілігіне арқа сүйеп қарап отыру тұйықтан шығар түпкілікті шешім емес. Әрбір ата-ана өз ұрпағын өзінің еңбегімен өсіргенге жетпейді. Оларға қарап балалары да ертеңгі күні еңбекқор болып өсетін болады.

Жасыратыны жоқ, біздің қоғамда «мемлекет неге көмектеспейді» деген ұғымдағы адамдар аз емес. Мемлекеттің өзі сияқты жекелеген адамдардан, халықтан тұратынын естеріне алмайды. Қуатты мемлекетті, дамыған қоғамды сол адамдар өз қолымен жасауға міндетті. Оның бір үлгісі біз әңгіме еткен қоғамдық ұйымдар мен белсенді азаматтарымыз. Олардың қатары көбейген сайын әрбір отбасы бақытты, өміріміз жарқын болады.

Былыр дүниеден өткен есімі елге белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы және Орта Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы, бас мүфти болып істеген шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі туралы айтқанда екі мәселеге ерекше тоқталсам деймін. Екеуі де еліміз үшін, мемлекетіміз үшін өте маңызды дін мен тіл мәселесі.

2009 жылы ақпан айында Парламентте дін туралы заңға өзгерістер енгізілетін болды да, біз «Қазақ үні» газетінде заңға діни радикалды ағымдарға тосқауыл қоятын бап енгізу туралы мәселені қатты көтердік. Белгілі журналист Өмірзақ Ақжігіт осы тақырыпқа арнайы мақалалар жазды. Ақырында Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы төрағасы, бас мүфти, шейх Әбсаттар қажы Дербісәліге көтеру мәселесін алдына тарттық. Дәстүрлі дінімізге қарсы радикал ағымдарға заңмен тыйым салу үшін бірлескен жоба жасауды ұсындық.



ШЫҒЫСТАНУДЫҢ ШЫНАЙЫ ҒҰЛАМАСЫ ЕДІ...

Бас мүфти бастамамызды бірден қолдады. Біз «Қазақ үні» газетінің осы өте өзекті діни тақырыпқа арнаулы санын шығарып, бірінші бетіне Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы төрағасы, бас мүфти, шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің барлық мешіттерде радикал ағымдарға қарсы тосқауыл қою және дін туралы заңға осыған байланысты бап енгізу туралы Үндеуі жарияланды. «Қазақ үні» редакциясы газеттің бұл арнаулы санын әдеттегі тираждан 10 мың дана артық шығарып, бас мүфтидің келісімімен еліміздегі барлық мешіттерге тараттық.

Бірақ соның өзінде біздің солқылдақ Парламент осы бапты енгізе алмады. Басты кедергі, биылғы Қаңтар қасіретіне байланысты Парламентте екі рет жасаған депутаттық сауалдарымда атап көрсеткендей, елдігімізге қарсы қауіпті күштерге ең бірінші тосқауыл қоюы тиіс Ұлттық қауіпсіздік комитетіне» керісінше «Ұлтқа қауіпті комитетің» айналуы...

Сол кезде «Қазақ үні» газеті көтерген сол заң жобасы қабылданғанда, содан кейінгі, ақыры Қаңтардың қанды қасабына әкелген небір қайғылы оқиғалар, бір ұлттың екіге бөлінуі секілді қасіреттер орын алмас еді...

2011 жылы Көкшетауда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының V құрылтайында мемлекеттік тіл мәртебесін арттыруда батыл мәселелер көтерілді. Құрылтайды қоғамның құрметті президенті, академик Әбдуәлі Қайдар ашып, кіріспе сөз сөйледі.

Президент әкімшілігі басшысы орынбасары Мәулен Әшімбаев, Мәдениет министрі Мұқтар Құл-Мұхаммед, қазақша баяндама жасаған Ақмола облысының әкімі Сергей Дьяченко, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті Өмірзақ Айтбайұлы, Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы және Орта Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы, бас мүфти, шейх Әбсаттар қажы Дербісәлілер өткір ойлары мен ұтымды пікірлерін білдірді.

Сонда, «Ана тілі» газетінің жазуынша, бас мүфти, шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі қазақ тілін үйрену және ұйрету тетіктерін тоқталып, мүфтиятта мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру үшін жасалған мәжбүрлік жағдайлардан нақты мысал келтіреді.

Бірде мүфтиятқа АҚШ елшілігінен

хат келеді. Мүфтият хат қазақ тілінде болмағандықтан, оны қарап, жауап бермеген. Бір айдан соң елшілік хатына жауап сұраған. Бұл жақтағылар хат мемлекеттік тілде жазылмағандықтан, қаралмағанын айтқан. АҚШ елшілігі кешірім сұрап, мемлекеттік тілде хатты қайта жазыпты. Тағы бірде мүфтиятқа Франциядан делегация келеді. Бас мүфти өзі қабылдайды. Делегация басшысының сөзін аудармашы орыс тіліне аударып жеткізеді. Мүфти «бізде ісқағаз, келіссөз мемлекеттік тіл, яғни қазақ тілінде жүргізіледі» деп қысқа қайырады. Француздар кешірім сұрап кетеді де, ертеңінде қазақ тілді аудармашыны ертіп келеді.

Дарм, көрдіңіздер ме, Әбсаттар қажы өзі бірнеше тіл білсе де, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, мемлекеттік мүддені қорғап отыр. Егер біздің Ақордадан бастап, үкімет, Парламент, министрлік, әкімдіктерде, барлық мемлекеттік мекемелерде, әр мекеме, ұйымдастыру басқармасы басқарған Мүфтияттан үлгі алып, осындай мәжбүрлік жасағанда, миллиардтар жұмсалса да «миымды ауыстырмаса мемлекеттік тілді үйрене алмаймын» дейтін министрлер (Е.Ыдырысов) болмас еді. Әркім бір тиынсыз-ақ өздері үйреніп алар еді.

Осы сөзінде Әбсаттар қажы ана тілін үйрету ер шаңырақтан басталатынын айта келіп, мемлекеттік тілдің дамуындағы отбасының рөліне ерекше тоқталады.

Осы құрылтайда Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау туралы қаулы қабылданды. Одан бері 13 жыл өтіп, Тәуелсіздікке 30 жылдан асса да, әлі заң қабылданған жоқ...

Ел тәуелсіздігін алғанда Алматыда небәрі бір ғана мешіт болатын. Оның өзі ескі, өткен ғасырда ағаштан салынған-ды. Әбекең туралы айтқанда, ол кісі мүфтиятты басқарғанда елімізде Алланың үйі-мешіттердің саны күрт өскенін жақсы білеміз.

Әбсаттар қажының Алматыдағы 33-ші мешітті Қалқаман ықшам ауданында ашқанында, арнайы шақырумен өзі де бірге болып едім.

Ислам діні – біздің өмір салтымыз. Оған негізделген мәдениетіміздің де тамыры тереңде. Өйткені, дін мен мәдениет қашан да бір-бірімен сабақтас. Дін – барлық ғылымның, рухани дамудың, мәдениеттің негізі. Иманды ел – инабатты ел. Жалпы кім де болса, қандай жағдайда болмасын, кісілік қасиетін жоғалтпағаны абзал. Өзіңді сыйлатқың келсе, әуелі өзгені сыйлауды үйрен. Салауатты қоғам – иманды қоғам. Оның болашағы жарқын.

Тәуелсіздігіміздің баяндылығын, халқымыздың ынтымағы мен бірлігін, әлемнің алдыңғы қатарлы еліне айналуын ойлау – міндетіміз. Дін – адамзатты, отбасын, қоғамды дамытып, үйлестіретін қуатты күш. Ислам өркениеттерді бір-біріне қарсы қойып текетіретірмейді, жауықтырмайды, керісінше әріптестікке, бірлесе қызмет етіп, үн қатысуға, өзара сұхбатқа шақырады. Ислам – ғылым, білім діні.

Хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз айтқандай: «Ислам – ғылым дамыған сайын ашылады». Сондықтан дініміздің бүгінгі де, ертеңі де біліммен, ғылыммен

емес. Тіл, дін, экономика өзара ынтымақ пен бірлік орнаған жерде ғана дамып, өркен жаяды. Ислам діні – бейбітшілік, зиялылық, имандылық, шапағат, қайырым, мейірім діні. Ол тек арабтарға немесе белгілі бір ру, тайпа, ұлт, нәсіл емес, бүкіл адамзатқа түсірілген. «Олар ынтымақта болсын, бірін-бірі танысын, достықта өмір сүрсін» деп түсірген. «Худжурат» сүресінің 13-аятында: «Ей, адамзат! Сендерді біз әуелде бір еркек бір әйелден (Адам ата мен Хауа анадан), бір ата, бір анадан жаратып, өрбіттік. Өзара қарым-қатынас жасауларың үшін көптеген ұлт, ұлыс етіп көбейттік», – дейді.

Қасиетті Құранда осындай бір-бірімен бейбіт жағдайда өмір сүріп, ізгілік пен игілік істер істеуге шақыратын аяттар аз емес. Мұндай парасатқа, терең ой, үлкен мәнге ие нақылдар пайғамбарымыз хазреті Мұхаммедтің (с.ғ.с.) хадис шәріптерінде жетіп артылар. Басқаны былай қойғанда, мұсылмандардың өзара татулықтарына да айрықша көңіл бөлінген. Халыққа кім қай жерден қалай бөлінеді деген емес, қашан, қалай бірігіміз деген әңгіме айтылуы керек. «Бөлінгенді бөрі жейді», –

Сәулеті еліміздегі өзге мешіттерге ұқсамайтын 800 орындық мешіттің алды алаңқай, айналасы әлденеше аспалы қызғылт қорғанмен қоршалған. Күмбездің екі жағында қазандық сәулетке сәйкес ұшар бастары көкке шаншылған қос мұнара бар.

Бұл мншітті әкелі-балалы Ноғай мен Сәбит Асылыовтар алғашқы іргетасын қалап, одан кейінгі негізгі ауыр жүгін көтерсе, оның екеуі де бұл дүниеден озған соң бірқатар кәсіпкерлер құрылысты жалғастырып, аяқтаған болатын. Мешіттің ашылу салтанатында Дінбасы, шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі: «Ноғай мен Сәбит Асылыовтардың екеуі де Алла разы болсын, діни мен ұлы сүйген абзал, тақуа жандар еді. Әкелі-балалы тақуа марқұм бауырларымыздың рухы пейіште шалқысын!»-деп, тебірене толқып, еске алды.

Дінбасы Әбсаттар қажы, қала әкімінің орынбасары Серік Сейдіманов және Ақтөбе қаласының Арнайы келген облыс прокуроры Берік Асылыов (мешітті салдырған Ноғайдың үлкен ұлы) жаңа мешіттің лентасын қиып, ішке кірдік. Екі рәкәт сәлем намазынан соң Дінбасы уағыз айтты.

Өркениетке қатысты ой-толғамдарын ағытты.

– Ислам – ұлы дін. Қазақстан тәуелсіздігімен бірге шашырап кеткен мәдени, әдеби, ой мұрамыз һәм жазба жәдігерлерімізді де жинақтайтын кез келді. Ислам – салауатты өмірге шақыратын дін. Ислам – ғылым, қайырымдылық, иман, шапағат, мәдениет, өркениет. Біз ұлы мақсатқа оқу, ғылым, білім және парасатпен ғана жете аламыз. Исламда тек киім эстетикасы ғана емес, өз бойын таза ұстау, сақал, шаш қоюдың да өзіндік этикасы бар. Ислам – әлемдегі мұсылман халықтарының өмір салты, тарихы, білімі және мәдениеті. Дініміз руханияттың алтын өзегіне, яғни діңгегіне айналуға тиіс. Аталарымыз мың жылдай бұрын тек қана Исламды таңдаған. Өйткені, Ислам – шынайы, таза, ақиқат дін. Сол себепті де әлем бойынша жыл сайын Ислам беделі өсіп келеді.

тікелей байланысты. Біз ең алдымен діни ағартушылық жұмысты биік деңгейге көтере түсіміз керек. Ал, бұл ретте сіздер, парасатты қауым асыл дінімізге түпкілікті бет бұрмай, көздеген мақсатқа жетуіміз қиын. Жұрт алдымен зиялыларға үлкен үмітпен қарайды. «Осылар не айтады?» – дейді. Ал, зиялы деп үлгі тұтар бауырларымыз бірінің жағасынан бірі алып, өсек-өтірік, ғайбатқа жол беріп жатса, келешек ұрпақ алдында ұятқа қалмаймыз ба?

Рухани жүдеулікке жол беруге әсте, болмайды. Өзін мұсылман санайтындардың бәрін шынайы мұсылман дей аламыз ба? Сонда мұсылман дегеніміз кім? «Ол ісімен де, тілімен де өзгеге залал келтірмейтін адам», – дейді хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз. Кісіні дініне, түріне, ұлтына, нәсіліне, киіміне қарап емес, ең алдымен адамдық қасиетіне қарап сыйлауды үйренуге тиіспіз.

Дін – бейбіт өмір, ынтымақ пен иман мәдениеті. Алла тағала адамға сөйлесін деп тек ауыз бен тіл беріп қана қойған жоқ, сондай-ақ бірін-бірі тыңдасын деп құлақ та берді. Парасатты адамдар артқа емес, алға ғана шақырады. Ислам ештеңеге қарамай алға жылжып, ғылым-білімді дамытуы керек. Бүгінгі ұрпақ Әбу Нәсір әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни салған ғылым, білім дәстүрін жалғастыруға тиіспіз. Біздің жолымыз – Ислам жолы, яғни ғылым, білім, өркениет, мәдениет, бейбітшілік жолы. Діндер, ұлттар мен ұлтаралық достық, ынтымақ пен өзара түсіністік жолы. Өз заманында көшпелі бәдәуилер арасында өлең шығару өнері батырлықтан кем саналмаған.

Өз тайпасының, руының даңқын шығаратын ақындар болғандықтан, өлең өнерін білетіндерге қоғамы өз төрінен үлкен орын берген. Бұл жағынан олар қазақ табиғатына тым жақын. Ақының шеберлігі табиғатты суреттеуінен-ақ көрінеді. Өз дініне берік халық қана өзін сақтай алады. Құр айқаймен, даурығумен экономика көтерілмейді, бірлік те болмақ

дейді дана халқымыз. Бірлігі күшті ел - алынбас қамал»-деп толғаған еді. Бұл туралы сол кезде ҚМДБ баспасөз хатшысы, Оңғар Өмірбек «Қазақ үні» газетінде жарияланған мақаласында жазды.

Әбсаттар қажы Дербісәлі Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасын 13 жыл басқарған және Орта Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы болған жалғыз қазақ. 2000 жылы Босния мен Герцеговинаның астанасы Сараевода және 2002 жылы Кипрде өткен Еуразия Ислам Шурасының IV-V халықаралық конференцияларында осы ұйым төрағасының бірінші орынбасары болып екі рет сайланды.

Ол шығыстанушы, дінтанушы, әдебиет зерттеуші, жазушы, сыншы, филология ғылымдарының докторы.

ҚазМУ-дің әл-Фараби атын алуына үлкен еңбек сіңірді. Республиканың мемлекеттік 10 университетінің «Құрметті профессоры», Халықаралық «Араб тілі» Ғылым Академиясының (Каир) академигі. республикалық арабтану ғылымының негізін салушылардың бірі. Арабистика саласы бойынша еліміздің тұңғыш ғылыми докторы, тұңғыш профессоры, тұңғыш академигі.

Ол алғаш рет әл-Фараби атындағы Қазақтың Ұлттық университетінде араб бөлімі мен Шығыс тілдер кафедрасын және шығыстану факультетін ұйымдастырып, оның тұңғыш меңгерушісі және тұңғыш деканы болды.

Шығыстану ғылымының шырағын жаққан шынайы ғұлама еді...

Жүзінен иманы төгіліп тұратын зады зиялы, ғұлама ғалым, көрнекті дін қайраткері Әбсаттар қажы Дербісәліұлының жатқан жері жайлы болып, пейіште нұры шалқи берсін дейміз. Дербісәлі әулетіне, талай жыл отасып, ұл-қыздарын үкілеп өсірген асыл жары Рахия әпкемізге көңіл айтып, құдай ұрпақтарына ұзақ ғұмыр берсін деп тілейміз.

Қазыбек ИСА,
ақын, ҚР Парламенті
Мәжілісі депутаты



ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАРҚЫН ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ

Қапшағай қаласында қаланың Алматы облысы орталығы болуымен және халқы сүйген қадірменді дара тұлға, Қазақстанның өркендеуіне зор үлес қосқан аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың атын алуына арналған мерекелік шара өтті.



Қонаев қаласындағы алаңға халық көп жиналды. Дүйім жұрт Дінмұхамед Қонаевқа арналған көрмені тамашалап, өнер шеберлерінің концертін тындады.

Салтанатты жиынды Алматы облысы әкімі Қанат Бозымбаев арнайы сөз сөйлеп ашты.

Қонаевтың ерекше қасиет-

тері туралы оның немере інісі Дияр Қонаев, Қостанай облысында аудан басқарған Сидорова, Қонаевтың жеке күзетшісі болған, ҚР Ұлттық қауіпсіздік шикетін басқарған Амангелді Шабдарбаев, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы президенті Мұрат Жұрынов атап айтты.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасы, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулет Қонаевтың ел басқарудағы ерекшеліктеріне тоқталып, оның Америкаға барғанда сол кездегі президент Д.Эйзенхауердің Қазақстан басшысына қатты риза болып, «Мұндай дала даналығын бойына сіңірген дара басшы Кеңес одағында жоқ» деп жоғары баға бергенін әңгімелейді.

Көрнекті жазушы, кинодраматург, ҚР Еңбегі сіңген қайраткер Смағұл Елубай, ҚР Парламенті Сенаты депутаты Нұртөре Жүсіп, белгілі журналист, қонаевтанушы Ораз Қауғабаев, белгілі әнші Нұрлан

Өнербай және басқалар дара тұлғаның даналығы туралы өз ойларын айтты.

Біз ақын, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты, «Ақ жол» партиясы төрағасының орынбасары Қазыбек Исадан өз пікірін сұрадық.

– Иә, қандай да бір билік басында болған тұлғаның қадірі ол қызметінен кеткен кезде білінеді. Желтоқсан көтерілісіне ұласқан Қонаевтың қызметтен кетуі оның беделін халық арасында одан сайын көтеріп жіберді. Қаншама жыр, ән арналды. Ел арасындағы абырой-құрметі аспандамаса, кеміген жоқ.

Мысалы, көрнекті ақын Есенғали Раушанның «Қара бауыр қасқалдақ» жырына Желтоқсан ызғары соғып тұрған кезеңде шардаралық дарынды композитор, әнші Лесбек Аман керемет ән жазды да, бұл әнді ел Қонаевты орнынан кетірген Желтоқсан көтерілісіне арналған ән ретінде қабылдағандықтан, жалпыхалықтық Желтоқсан әнұранына айналып кетті.

Жиында академик Мұрат Жұрынов айтқандай, Дінмұхамед Ахметұлы дүниеден өтерінің алдында Түркістанға келгенде Шымкенттен Түркістанға дейін жол бойына халық шығып тұрып, құл бұлғап, құрмет көрсетіпті.

Оның үстіне, Тәуелсіздіктің отыз жылындағы мемлекеттік деңгейдегі жаулап алған жемқорлық Қонаевтай қолы таза, қайырымды да, иманды тұлғаға деген халық ықыласын еселеп өсіріп келеді. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың Қапшағайға Қонаевтың атын беруі халық талабын ескерген өте сәтті шешім болды, – деді ақын.

Жиын соңында Дінмұхамед Қонаевқа арналып ас беріліп, құран бағышталды.

Осы жиында Қонаевтың талай жыл окқағары болған Амангелді Шабдарбаев дара тұлға туралы елге белгісіз тың естеліктерді әдемі әңгімелеп бергенде айтқанындай, өзені бар, көлі бар қалалар бақытты қалалар!

Ендеше, Іле өзені бойындағы, Қапшағай көлі жағасындағы Қонаев қаласының өркендеп, дәуірлейтін кезеңі енді басталады.

«Қазақ үні»



Құттықтаймыз!

Ер болатын Ертайға!

Түгел болсын, төрің мен төрт айналаң,
Үсентай баба ырысы ортаймаған.
Нұртайдай ағасына серік болған,
Еліңе көрік болғын Ертай балам!

Асылдардан Ертай ұл, бата ала бер.
Отқа түскін қаласа, отан егер.
Қаһарман атаң кескен тұсауыңды,
Қазақтың нағыз ері атана бер!

Ержан жиен - жігіттің жар аулысы!
Ұлт мүддесін қорғайды ер санаулысы.
Ерен еткен еңбегі елге сіңіп,
Халықтың болды бүгін қалаулысы!

Ізгі тілекпен, нағашылар атынан
Қазыбек ИСА
19 мамыр 2022 жыл.
Жер биігі - Қазығұрт тауы



ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ - «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	429,24	3 ай	қала	1287,72	6 ай	қала	2575,44	12 ай	қала	5150,88
1 ай	ауыл/аудан	447,86	3 ай	ауыл/аудан	1343,58	6 ай	ауыл/аудан	2687,16	12 ай	ауыл/аудан	5374,32

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Нұр-Сұлтан тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Түркістан облысы:
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Тарату бөлімі:

Нұр-Сұлтанда:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш»
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.
Күәлік №13976-Г (Алғашқы күәлік
№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы сәт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –
Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК КСЖКЗКХ, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында
басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген